Айтыс өнері үйірмесінің мақсаты – халық өмірін бейнелейтін көркемәдебиет саласының ірі айтыстың албан сипаттары, түрлері мен ерекшеліктері туралы оқушыға толық мағлұмат беру. Оларды сөз мәдениеті талаптарын білуге, жетілдіруге және тілді әлеуметтік қызметіне қарай жұмсай білу дағдысын меңгертуге баулимыз.

Айтыскерлік – болашақтағы қадамдарына жол ашатын, өзін танытатын, адалдыққа тәрбиелейтін қуатты құрал, пәрменді күш екенін түсіндіруіміз керек. Патшаның тағынан,

шешендік, ділмарлық, айтыскерлік өнерді жоғары бағалап, сөз өнерін бүкіл өнердің бастауы деп таныған халық даналығының қыры мен сырына тереңірек ой жібертеміз. Айтыс өнерінің сипаттарын меңгере отырып, төмендегі міндеттерді жүзеге асыру:

- Халқымыздың қадыр – қасиеті, нақыл - терме, аталы сөз, шешендік өнер мен айтыс үрдісін бала бойына сіңіру, оқушылардың айтыс өнеріне деген қызығушылығын арттыру, оны өмір қажетіне айналдыру;

- Айтысқа қатысып жүрген оқушылардың өзіндік орындаушылық ерекшеліктері / дауыс ырғағы, мәнері, сөз ұйқастығы, тіл мәдениет, аспапта ойнауы, мақамы/ т.б. көркемдік талғамын жетілдіру;

- Айтыскер оқушылардың ішкі рухани байлығы мен сырт көрінісінің өзара үйлесімділігін қалыптастыру. Киім кию үлгісін таңдау және ел алдында өзін – өзі ұстай білу мәдениетін үйрете отырып, оқушылардың эстетикалық, этикалық талғамын, мәдениетін, көзқарасын, қатынасын қалыптастыру;

Айтыс өнерін жетілдіру:

1. Ауыз әдебиеті мұраларының зерттеу, жинау, даму тарихына жалпы шолу;

2. Айтыс өлеңдері, оның мақсаты, даму тарихы, айтыстың түрлері және ерекшеліктері.

Айтыстың ірі өкілдері;

3. Айтыс әуенін (мақамын) үйрету. Ақын және музыкалық аспап меңгерту;

4. Айтыс ақындарының ел алдында, сахнада өзін-өзі ұстай білу мәдениеті;

5. Өлең құрылысы, өлең ұйқасы және оның түрлеріне мағлұмат беру;

6. Қайым айтысы, Қыз бен жігіт айтысы, Жұмбақ айтыс, Түре айтысы, Сүре айтысы,

Өтірік өлең айтысы, Тақырыптық айтысы, Қате айтысы, Мысал айтысы;

7. Пікір талас. Айтыс – жарыс. Оқушылар отауы, Айтыс ақындарымен кездеу, Сыр сандық.

Дөңгелек үстел барысында пікір алмасуда ақындардың тақырып аясындағы ой толғамдарын сарапқа салу және айтыстың айшықты өнерін дәріптеудегі алдыңғы толқын ағалардың айтыс барысындағы айла тәсілі, бірі-бірінің қағітілуі, әрі жауаптасудағы тапқырлық, ой ұшқырлығының жылдамдығын оқушыларға үйрету болып табылады.

Көне айтыс және жаңа заман айтыстарының ерекшеліктері менен тақырыптық аясында қозғалған әлеуметтік мәселелерді тілге тиек еткен айтыскерлердің қарлыласын әжуалауы немесе мадақтауы, мадақтай отырып іштен шалуы, сөзден сүріндіруі ақын шеберлігінің, білім мен біліктілігін көрсетеді. Мән, осы тәсілдерді оқушыларға түсіндіре отырып болашақ айтыс ақындарының айтыс техникасын меңгеруге ыңпал жасау.

Мәселен, екі ақынның арасындағы сөз қағысын сараптап көрелік. Құлмамбет пен Жамбылдың айтысында Құлмамбет ақын өзінің бай манаттарын мадақтай жөнелгенде Жамбыл ақын

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.

Қарынбайдай сараңдар толып жатыр,

Оны мақтап, әуре болмай, жөніңе қайт! - деп тойтарып тастайды.

Міне, сөз құдіреті. Қызыл тілдің қылыштай жарқылдауы асқақтаған Құлмамбетті тәубесіне түсіреді. Сахына өнер ордасы. Бұл киелі шаңырақтың төріне кез келген адам шыға бермесі тағы да анық. Таланты тасты жарған тарландардың өзі де сахына табалдырығын немене аттайтығыны сол киеліліктен боса керек. Сахынаға шығар алдында толқуы, толғатуы, әрі- сәрі күйге түсуі де заңды құбылыс. Себебі, жүздеген көрерменнің көзі бір өзіне қадалып отырғанын сезінген өнерпаз өзіне жүктелген жауапкершіліктің қаншалықты салмақты екенін сезінеді.

Сахынаға кіргенін, шыққанын, жүргенін-тұрғанын қалт жібермей қадағалап отырған бұқара халықтың сыншыл болатыны да сондықтан. Сахына мен көрермен арасын байланыстырып тұрған қас шебер, яғни, «Өнерпаз» өзінің бойындағы бар өнерін сарқа жұмсап сарыны мен тәрбиесін, қарым-қабілетін, білім мен біліктілігін паш етеді. Демек, айтыс сахынасының да айшықты орыны бар.

Бұл арада барлық сахна бір ғой деушілер де табылар. Бірақ өнерпаз әртүрлі екенін естен шығармау керек. «Әу, дегеннің бәрі әнші, бұраңдағанның бәрі биші» бола алмайтыны

сияқты, жыр-айтқанның бәрі де ақын емес. Толағай топтың алдына шығатын өнерпаз да өн бойына талғаммен қарау керек. Ол «Ағаш көркі жапырақ, адам-көркі шүберек» - дегенге саяды.

Сахынаның сәні, өзінің көркін кіргізіп тұратын ұлттық киім кие білу де өнер. Бұл да - мәдениет. Өкінішке орай көбіне олай бола бермейді. Оқушы айтыскерлер түгілі республикалық додаға барып жүрген үлкен ақындар да қарапайым сым - костюм киіп шыға береді. Бұл сахына мәдениеті.

Иығына шапан іле салып, костюм- шалбар, мойынына галстук байлап сайраған ақын, біріншіден, өзіне сын көзбен қарап отырған көрерменнің көзін бояса, екіншіден өзін-өзі алдағанмен бірдей. Мәселе киімде емес, тауып айтқан сөзінде дегендер де қатты қателеседі. Бұл әсіресе жас толқын ақындарға аса сабақ болу шарт!

Айталық Маңғыстаулық жас ақын - Н.Мұсаев Астаналық А.Қалиевқа:

Бұл ағамның бойында бар-ау кие,

Ол кие болмаса екен жалау кие,

Нарықтың заманына байланысты,

Көбейді көк әулие, сары әулие.

Үстіңнен ақ-шапанды тастамайтын,

Сен осы емеспісің «Ақ әулие» - деп бір түсті киім киген Айбекті түйрейді.

Мұнда Айбек ақын ұлттық киімнің өзіне жарасып тұрғандығын және сахна мәдениетін бұзбай отырғандығын пайдаланып:

Тазартып тамырымның сан жүлгесін,

Ағартсам деп мен жүрмін ардың көшін.

Ағаңды «Ақ әулие» деп жатырсың,

«Ақ әулие» ағаңа аңдап сөйле,

Аузы-басың қисайып қап жүрмесін - дей келіп, ұтымды жауап қайтарады.

Міне бұл екі ақынның арасындағы тайталас.

«Тұрманы түгел тұлпардай, тұмағасы бүтін сұңқардай» сұлулығын сақтай білгенге не жетсін.

Сахына мәдениетінің тағы бір қыры – Әдептілік.

Ел атынан сөйлеп отырған ақынның өзін-өзі ұстай білуі - үлкен жауапкершілік. Екі елдің арасындағы көпірді жалғап тұрған елшідей қарсылас ақынның қас-қабағын бағып, артық – ауыс айтылған сөздеріне шамданбай, сабырлық сақтап, салмақты жауап қайтарып, мақтамен бауыздағандай батылдық танытып, айла-тәсілмен айналып өткен ақынның есімі ел жанында ұзақ сақталады. Мәселен, Кемпірбай:

Ей, соқыр, мен сөйлесем шын емеспе ?

Өзіңе күпірлік сөз күні емес пе?

Жайықтың әкең Қаржау құлы емес пе?

Қызының шешен Жұма күні емес пе?

Жаралған екеуінен мұндай соқыр,

Дегенің сенің күндіз түн емес пе? - деп Шөже ақынның су қараңғылығын соқыр екенін бетіне басады. Бұған Шөже ақын есе жібермейді:

Кемпірбай, мен сөйлесем шын емес пе?

Жайықтың әкем Қаржау құлы емес пе?

Қазының шешем Жұма күні емес пе?

Жаралған екеуінен біздей болып,

Жиені Қазыбектің мен емес пе?

Туыпсың Бөгенбайдан қисық-қият,

Жын қаққан тұқымыңмен сен емес пе? –деп тойтарыс береді. Бұл – көне айтыстың өзіндік ерекшелігі. Мұнда жеке бастың кем – кетігін тізбелейді. Бұл қазақ даласында болған айтыс. Сахына жоқ болғанымен, көрермені бар. «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» - деген халық мақалына сүйенсек, өктемдік танытқан Кемпірбай:

Менсінбей қу соқырды сөйлеймін деп,

Жеңілдім екі аяғым көктен келіп –деп өзінің ағат кеткенін мойындайды. Әдеп сақтай отырып та әдемі айтыс жасауға болады. Оны бүгінгі заман ақындарының бойынан көресің.

Алматы облысының ақыны - О.Досбосынов Астаналық ақын Д.Кәпұлына:

Ораз:Абай атамыз айтпақшы,
Көп сөйлеп бүгін сөзбайын,
Әдебінен озбайын.

Сорайған Дәулеткерейдің,
Теректей бойын теңселтіп,
Дауыл жырмен қозғайын.
Бойыңның емес ойыңның,
Тереңдігін болжайын.

Сағағын жезбен қынаған,
Найзадай тілді толғайын.

Одан әрі асайын,
Адымымды ашайын.

Тілімнен аяп сөзімді,
Бүгін қалай самайын.

Жабы болсаң жабулап,
Аламанға қосайын.

Арқаңа күміс ер салып,

Ақал текедей жасайын – деп, қарсыласының мысын басады. Өмірден түйгені бар,
айтыстың қыр-сырын толық меңгерген Дәулеткерей:

Айналайын ағайын,
Бақытың сенің ашылғай,

Дәулеткерей сөйлесін,
Мына тапалға бас үрмай.

Кеміте сөйлеп келгенмен,
Тебіне сөйлеп келгенмен,

Жалыныңды көрмедім,
Көктен түскен жасындай.

Ораз ақын байқағың,

Тау суындай тасынбай - деген Дәулеткерей әдепті сөйлей отырып арбаны да
сындырмай өгізді де өлтірмей әріптесін сабырлыққа шақырады. Міне, бірі басып айтса,
бірі айту әдептіліктің белгісін сақтайды.

Қорытынды: Көргені бар көңілше түйгені бар ақынға тән қасиет. Бұл айтыс өнеріне
деп қойған жас түлектерге үлкен сабақ болады. «Театр» киім ілгіштен басталады» деп
К.С.Станиславский айтқандай, сахна мәдениетінің мәйегін бойына сіңіргендер шебер де
шешен ақын болады. Айтыс, ұлттық өнер, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің бастауы осы ауыз
әдебиетінде жатыр. Ата-бабалардың салып кеткен сара жолына кейінгі жас толқындар да
көздің қарашығындай сақтай білуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмалиев, Қ. «Айтыс: қазақ халқының мәдени мұрасы». - Алматы: Қазақстан,
1998.

2. Кенжебай, Б. «Айтыс өнері: дәстүр мен жаңашылдық». - Астана: Елорда, 2010.

3. Мырзатай, Ж. «Қазақ айтыс өнері». - Алматы: Ғылым, 2003.

4. Дүйсенбин, Т. «Айтыс – қазақ поэзиясының бірегейі». - Алматы: Ана тілі, 2015.



УРОК ВОКАЛА КАК ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС (ПРИНЦИПЫ, МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ВОКАЛЬНОЙ РАБОТЫ)

**Сарбалина Г.С., преподаватель вокала,
ГККП «Детская школа искусств» ГУ «Отдел
образования по городу Талдыкорган
Управления образования области Жетісу»**

В статье рассматриваются ключевые принципы, влияющие на эффективное преподавание вокала, включая использование различных методик, значимость индивидуального подхода и влияние психологической подготовки на развитие вокальных навыков. Особое внимание уделяется роли практических упражнений, таких как распевание, в подготовке голосового аппарата и улучшении качества исполнения. Подчеркивается, что интеграция теоретических знаний с практическими приемами способствует всестороннему развитию учеников и помогает достигать высоких результатов в обучении вокалу.

Ключевые слова: вокал, методика, индивидуальный подход, психологическая подготовка, распевание, исполнительское мастерство.

Мақалада вокалды тиімді оқытуға әсер ететін негізгі қағидаттар, соның ішінде әртүрлі әдістерді қолдану, жеке көзқарастың маңыздылығы және психологиялық дайындықтың вокалдық дағдыларды дамытуға әсері қарастырылады. Дауыс аппаратын дайындауда және орындау сапасын жақсартуда вокалды жаттығулардың, мысалы, распевка, рөліне ерекше назар аударылады. Теориялық білімдерді практикалық әдістермен біріктіру оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететіні және вокалдық оқытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетіні атап өтіледі.

Тірек сөздер: вокал, әдістеме, жеке көзқарас, психологиялық дайындық, распевка, орындаушылық шеберлік

Проблема музыкального исполнительства в своем историческом становлении в том или ином аспекте находила отражение в трудах Аристотеля, Платона. В трудах Б.В.Асафьева, Б.Л.Яворского, В.В.Медушевского, Е.В.Назайкинского, А.Н.Сохора, Л.А.Баренбойма, Н.П.Корыхаловой, Л.Н.Раабена и др. исполнительское творчество рассматривается как важный фактор и необходимое условие духовно-эстетического воспитания и образования. Вопрос о роли, значении и месте вокального исполнительства в культурно-образовательном пространстве различных народов поднимался в трудах по философии и культурологии (С.Н.Иконникова, Ю.Б.Сетдикова и др.), по этнопедагогике (Г.С.Виноградов, Г.Н.Волков и др.). Проблемам развития певческого голоса и вокально-эстетического воспитания детей посвящены работы Л.Л. Алексеевой, Е.М. Малининой, Д.Е. Огороднова, Г.П.Стуловой, Т.В.Шастиной, Л.В.Шаминой и др. Педагогические условия формирования вокального мастерства учителя музыки исследованы Е.М.Барвинской. Отдельные стороны исследования данной проблемы получили свое отражение в работах казахстанских ученых по музыкальной педагогике (М.Х.Балтабаев, Б.М.Бекмухамедов, Р.Р.Джердималиева, Т.А.Кишкашбаев, А.А.Калыбекова, Ш.Б.Кульманова, С.А.Узакбаева и др.).

Дисциплина «Вокальный класс» в ДШИ фокусируется на вокальной подготовке учащихся, изучая вокальные термины, певческую установку, дыхание в пении, опору звука, высокую позицию звучания, правильную артикуляцию, дикцию и работу резонаторов. Она не только знакомит с основами вокального искусства, но и формирует базу для дальнейшего развития исполнителей, подчеркивая важность понимания и применения основных принципов и методов вокальной работы.

Принципы вокальной работы включают в себя ряд базовых положений, на которых строится весь педагогический процесс. Основоположник научной педагогики

в России, Константин Дмитриевич Ушинский, предложил свои принципы обучения, многие из которых соотносятся с принципами Яна Амоса Коменского. Эти принципы, адаптированные к вокальному обучению, создают прочную основу для развития певческого мастерства.

1. Принцип доступности предполагает, что учебные материалы должны быть адаптированы под умственные и физические возможности учащихся, их уровень знаний и развития. Важно, чтобы информация требовала усилий для усвоения, учитывая связь с жизнью, природой и родным языком ребенка. Этот принцип особенно важен в вокальном обучении, где нужно учитывать природные особенности голоса каждого ученика.

2. Принцип научности свидетельствует о том, что обучение должно опираться на признанные научные методы познания. В вокальной работе это означает использование проверенных методик развития голоса, которые основаны на многолетних исследованиях и практике.

3. Принцип воспитывающего обучения подразумевает, что наука должна воздействовать не только на ум, но и на душу. В вокальном искусстве этот принцип проявляется в единстве процессов обучения и воспитания, где музыкальные упражнения способствуют не только развитию голоса, но и формированию эстетических и духовных качеств.

4. Принцип систематичности и последовательности подчеркивает необходимость объединения получаемых знаний и умений учеников в единую систему. В вокальном обучении это выражается в постепенном переходе от простых упражнений к более сложным вокальным задачам, что способствует формированию прочных навыков.

5. Принцип наглядности говорит о том, что процесс познания окружающего мира более эффективен при использовании прямых наблюдений и включении органов восприятия. В вокальной практике это может выражаться через демонстрацию правильного исполнения педагогом, использование аудио- и видеоматериалов для лучшего понимания учеником.

6. Принцип сознательности, активности и самостоятельности учащихся требует, чтобы ученик проявлял интерес и активность в обучении. Это особенно важно в вокальной работе, где самостоятельная практика и переосмысление полученных знаний играют ключевую роль в развитии голосовых навыков.

7. Принцип народности предполагает, что обучение должно учитывать язык, культуру и привычки учащихся. В контексте вокального искусства это означает опору на народные музыкальные традиции, что позволяет ученикам находить связь между теорией и практикой, а также глубже понимать и интерпретировать музыкальные произведения. Педагогический процесс в вокальной работе, основанный на принципах К.Д. Ушинского, направлен на развитие певческого голоса и творческих способностей учащихся. Эти принципы способствуют формированию технических навыков и эстетического восприятия музыки и культуры. Для их успешного применения необходимы соответствующие методы обучения.

Методы обучения (от др.-греч. μέθοδος — путь) — это способ взаимодействия между учителем и учениками, в результате которого происходит передача и усвоение знаний, умений и навыков, предусмотренных содержанием обучения.

Методы вокального обучения включают в себя широкий спектр подходов, начиная с общедидактических методов, таких как объяснительно-иллюстративный, и заканчивая более специализированными методами, такими как фонетический и эвристический. Объяснительно-иллюстративный метод в вокальной педагогике включает объяснение и демонстрацию звука и голосообразования педагогом. Он опирается на традиционные приемы, описывающие тембр звука через слуховые и другие ощущения, такие как «глухой», «звонкий» и «яркий». Демонстрация педагогом особенно важна для детей из-за особенностей их голосового аппарата. По мере освоения базовых навыков вводятся более сложные методы обучения.

Фонетический метод опирается на речевой опыт учащихся и активизирует работу артикуляторных органов, что особенно важно при обучении детей.

Эвристический метод, в свою очередь, развивает творческое мышление и

самостоятельность учащихся, позволяя им исследовать различные вокальные средства выразительности и создавать собственные интерпретации произведений. Таким образом, выбор и применение различных методов обучения в вокальной практике напрямую влияет на развитие певческих способностей учащихся, способствуя их профессиональному и творческому росту.

Исследовательский метод также играет важную роль в вокальном обучении, особенно на более поздних этапах развития учащихся. Этот метод рассматривается как способ организации поисковой и творческой деятельности обучающихся, направленной на самостоятельный анализ музыкального и поэтического текста, исследование эмоционального содержания художественного произведения, а также поиск вокальных средств выразительности. Он позволяет учащимся создавать собственные интерпретации произведений, развивая их индивидуальное исполнительское мастерство.

Учитывая специфику музыкального обучения, можно утверждать, что исследовательский метод фактически превращается в творческий метод, так как его применение способствует развитию не только аналитических, но и креативных способностей учащихся, позволяя им выражать себя через музыку на глубоком художественном уровне.

Методы обучения дают нам теоретическую основу, но для эффективного развития вокальных навыков необходимо применять эти методы на практике, что включает в себя использование конкретных приемов вокальной работы.

Одним из ключевых практических элементов вокальной работы является распевание. Этот процесс выполняет три основные функции и играет важную роль в подготовке голосового аппарата к основной вокальной деятельности.

Первая функция распевания схожа с разминкой перед физической тренировкой. Перед началом вокального занятия необходимо подготовить голосовой аппарат, «разогреть» голосовые связки, чтобы они стали более эластичными и управляемыми. В теле голосовых складок находятся мышцы, известные как мускулис вокалис, и именно их нужно разогреть перед началом основной работы. Распевание помогает избежать травматизма, делая связки более послушными и управляемыми.

Вторая функция распевания — выполнение вокальных упражнений, которые разогревают мышцы и голосовой аппарат, а также решают вокальные задачи, такие как расширение диапазона. Постепенный подход к высоким и низким нотам помогает избежать перенапряжения связок. Упражнения развивают музыкальный слух, координацию слуха и голоса, а также формируют навыки артикуляции, дикции, кантилены и ровности диапазона, которые применяются при исполнении произведений.

Третья функция распевания связана с психологической подготовкой певца. Распевание помогает сосредоточиться, настроиться на работу, забыть о посторонних делах и проблемах, сконцентрироваться на вокальном занятии и попасть «на нужную волну». Это важный элемент подготовки, который позволяет погрузиться в процесс и достигнуть лучших результатов.

Особое внимание следует уделить различиям в распевках для разных типов голосов. По сути, распевка для высоких и низких голосов не отличается кардинально. Распевание всегда начинается с середины голосового диапазона. Однако, вокальная работа с детьми требует более щадящего подхода к голосовому аппарату, особенно в мутационный период. Для начинающих певцов упражнения должны быть простыми и небольшими по диапазону, избегая сложных технических задач и чрезмерной интенсивности. Это помогает избежать перегрузки и травм, обеспечивая плавное и безопасное развитие вокальных навыков.

В заключение можно отметить, что комплексный подход к вокальному обучению, включающий как теоретические принципы, так и практические методы и приемы, обеспечивает всестороннее развитие учащихся. Это позволяет не только развивать их вокальные способности, но и формировать глубокое понимание и любовь к музыкальному искусству. В конечном итоге, именно этот подход способствует достижению высокого уровня исполнительского мастерства и воспитанию подлинных художников вокального искусства.

Список использованной литературы:

1. Апраксина О.А. Задачи музыкального воспитания в свете реформы школы // Музыкальное воспитание в школе. Вып. 17. - М., 1986. С.5 – 15.
2. Арчажникова Л.Г. Структура профессиональной деятельности учителя музыки // Подготовка учителя музыки к профессиональной деятельности в школе. Межвузовский сб. науч. тр. – Ярославль, 2003. – 115 с.
3. Кабалевский Д.Б. Воспитание ума и сердца: Книга для учителя. 2-е изд. - М.: Просвещение, 1984, - 206 с.
4. Васильева, Н. В. Формирование музыкально-исполнительской компетентности будущего учителя музыки: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08 / Н. В. Васильева; Магнитог. гос. ун-т. - Магнитогорск, 2007.-22 с.
5. UNC Author Cross-cultural competence of student teachers in music education. //The Journal of the Desert Skies. Symposiums Research in Music Education proceedings, 2009. - P. 128-144.
6. Bright W. Language and Music: Areas for Cooperation // Ethnomusicology. 1963, N 7.
7. Caccini G. Le nuove musiche. N. Y.: H. Willy Hitchcock, 2nd edition, 2009. - 76 p.



МУЗЫКА - ӨМІРДІҢ ГҮЛІ

Меирманова Ажар Капышовна
«Жетісу облысы білім басқармасының
Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«Балалар өнер мектебі» МКҚК, вокал пәнінің
мұғалімі.

Гектор Берлиоз – Музыка күллі өнердің ішіндегі ең құдіреттісі ең әсерлісі –деп баға берсе, Мұхтар Әуезов – Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу өмірге ғашық болып өседі-деп, әсерлі әуеннің баланың жан-дүниесіне ізгілік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруына әсер ететінін айтып кетті. Осы мақалада музыка, халық өміріндегі мәні зор, нақышы көмескі тартпаған мәңгілік рухани дүниеміздің орны туралы айтылады.

Гектор Берлиоз сказал, что музыка — самое мощное и впечатляющее из всех искусств. Мухтар Ауэзов отметил, что ребенок, увлекающийся музыкой, вырастает любящим прекрасную жизнь, и что впечатляющая музыка способствует формированию добродетели и нравственных качеств в душе ребенка. В этой статье речь идет о музыке как важной части нашего духовного мира, который играет значительную роль в жизни народа и остается непреходящей ценностью.

Музыка – жүректің үні. Музыка адамзаттың ең бірінші әрі ең ежелгі өнер түрлерінің бірі. Ол тарихтың терең қабаттарында пайда болып, мәдениетіміздің ажырамас бөлігіне айналды. Музыка адамның эмоцияларын, сезімдерін, қуаныштарын, қайғыларын бейнелей алады. Әрбір мелодия, әрбір әуен – бұл адамның ішкі әлемінің бір бөлшегі, жүректің үнін жеткізетін гүлі.

Музыканың әсері музыка тыңдаушыға оң әсер етуімен қатар, оның көңіл күйіне, психологиялық жағдайына әсер ете алады. Мысалы, бақытты, қуанышты сәттерде

тыңдалатын әуендер адамды шабыттандырып, көтеріңкі көңіл-күй сыйласа, ал сәтсіздіктер мен қайғылы кезеңдерде меланхолиялық шығармалар жанның жарасын емдейтіндей болады. Музыка терапиясы сияқты әдістер психологиялық жағынан қиындықтарға душар болған адамдарға көмектесуде кеңінен қолданылады.

Музыка және мәдениет. Музыканың мәдениеттегі рөлі зор. Әрбір халықтың өзіне тән музыкалық дәстүрі, әуені мен ырғақтары бар. Музыка мәдениеттің, тарихтың, халықтың дүниетанымының көрсеткіші болып табылады. Қазақ халқында, мысалы, терме, толғау, жарыссөз сияқты жанрлар халықтың рухани мәдениетіне үлкен үлес қосады. Олар халықтың тарихын, дәстүрін, өмір сүру салтын, ұлттық құндылықтарын сақтап қалуға көмектеседі.

Музыка және әлеуметтік қарым-қатынас. Музыка адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға қызмет етеді. Концерттер, музыкалық фестивальдер, бірлескен ән айту дәстүрлері – мұның бәрі адамдарды біріктіріп, ортақ сезімдер мен эмоцияларды тудырады. Музыка арқылы адамдар бір-бірімен тіл табысып, күрделі жағдайларда қолдау көрсетудің жолдарын іздейді.

Музыка – эмоцияларды жеткізуші. Музыка адамзат тарихында эмоционалды байланыстарды қалыптастырудың ең маңызды құралдарының бірі болып табылады. Адамның қуанышында, қайғысында, сүйіспеншілігінде немесе ренішінде музыка әрқашан жанынан табылған. Оны тыңдау – адам баласының психологиялық жағдайын қолдаудың бір тәсілі. Музыканың эмоционалды әсері терең әрі күшті. Мысалы, белгілі бір мелодияны немесе әнді естігенде ескі естеліктер оралуы, тебіреніс немесе қуаныш пайда болуы мүмкін. Нәтижесінде, музыка адамдардың сезімдерін мәңгілікке қалдырып, сол кеште түскен эмоцияларды қайта жаңғыртады.

Музыканың психологиялық әсері. Музыка психологияның ажырамас элементі болып табылады. Көптеген зерттеулер музыка тыңдау адамның көңіл-күйін жақсартуға, стрессті жеңуге және жалпы психологиялық денсаулықты нығайтуға көмектесетінін көрсетті. Музыканың ритмі мен мелодиясы, әсіресе, стресс жағдайларында тыныштық пен релаксацияны қамтамасыз етеді. Шетелдік зерттеулерде музыкотерапияның артықшылықтары ақпаратталды. Музыкотерапия – ауруларды емдеу, ауыр психикалық мәселелермен күресу немесе эмоционалды күйзелісті жеңу үшін музыканың қолданылуы. Сондықтан музыка адамдардың психологиялық денсаулығын нығайтуда тыңдайтын әсерлі құрал ретінде бағаланады.

Музыка және қоғам. Музыка әлеуметтік қарым-қатынасты дамытуда үлкен рөл атқарады. Концерттер, музыкалық фестивальдер, халықтық мерекелерде орындаған әндер мен билер – барлығы адамдарды біріктіріп, ортақ сезімдерді туындатады. Музыка – бұл біздің тарихымыз, мәдениетімізді белгілейтін және адамдар арасында қарым-қатынас орнататын құрал. Сондай-ақ, музыка әлеуметтік мәселелерді көтеру, халықтың көкейкесті мәселелеріне назар аударту үшін пайдаланылады. Әндер мен музыкалық шығармалар арқылы қоғамдағы әділетсіздік, теңдік, бостандық секілді мәселелер қоғамға жіберілетін декларацияға айналуы мүмкін.

Қазақ халқының ғасырлар бойында жасаған мұрасының саф алтындай маржаны-әндер мен күйлер. Зерттеушілеріміздің мәліметі бойынша, осы кезге дейінгі хатқа түсірілген, жинақталған ән-күйлеріміздің саны он бес мыңнан асады екен. Бұл баға жетпес құнды байлығымыз. Халық музыкасы-уақыт сынына төтеп беріп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеп келеді. Халық өміріндегі мәні зор, нақышы көмескі тартпаған мәңгілік рухани дүниеміздің орны ерекше. Бұл өнерімізді ойшыл даналар жоғары бағалаған. Ұлы Абай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен» — деп музыканың адам тағдырындағы қызметін мейлінше дәл сипаттаған. С.Торайғыров патша өкіметіне «Әнімді алдың, сәнімді алдың, жанымды алдың» деді. Шәкәрім атамыз: «Әнмен күйдің тілі-күн, ұқпасаң оны саған мін»-деп жазған. Қазақ халқы өнерді сыйлай, қадірлей білген. «Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер», «Ақылың болса, жыр тыңда, өнерін сыйлаған өрге шығады, дәстүрін сыйлаған төрге шығады» - дейді халық. Әнмен күйдің бұрынғы және бүгінгі байлығын сөз еткенде, олардың үш түрлі айрықша сипатын бөліп айтуға болатын еді.

Біріншіден, әнмен күй өмір құралы. Халық саздарында елдің бастан кешкен алуан түрлі оқиғаларының тұрмыс кәсібіннің, салт-дәстүрінің іздері жатады.

Екішіден, ән мен күйдің бір ерекшелігі-жамағат көпшілікті тәрбиелеу құралы болуында. Әндерде дүниедегі жақсылық атаулы адамгершілік, әділдік, табандылық, мейірімділік серпіні баса айтылса, кейде керісінше адам атына лайықсыз көріністер: жасандылық, мансапқорлық, опасыздық, күншілдік секілді жайлар таңбаланады.

Үшіншіден әндердің өмірді көркемдікпен тану, тыңдауға эстетикалық ләззат беру қызметі зор. Халық өмірдің қарапайым құбылыстарын биік бейнелерге бөлеп сипаттайды. Сұлу қыз, ер жігіт, адал дос, қыран құс, күркіреген өзен, заңғар тау, жасыл орман, кең жайлау, сары дала, айдын көл бәрі қазақ ән-күйлерінің тақырыбы болып табылады. Халқымыздың рухани қазынасы ән мен күй бүгінгі таңда, тамаша тәрбие көзі болумен қатар, кәсіби музыканың негізгі арқауы екенін естен шығармаған жөн. Міне, халықтың музыка өнеріндегі өте бай рухани қазынамен оқушыларды таныстырып, озық үлгілерін үйрету музыка пәнінің негізгі мақсаты болып табылады.

Музыка адамның өміріндегі маңызды сәттермен тығыз байланысты. Туылған күннен бастап, адам өмірінің түрлі кезеңдерінде, музыка бірге жүреді: тойлар, қуаныштар, жастық шақ, махаббат, тіпті қайғы мен сағыныш мезгілдерінде. Ол кез келген эмоцияны бейнелей алады, адамның ішкі әлемін аша алады. Музыка тыңдау мен орындау – өзімізді түсіну, сезімдерімізді білдірудің бір тәсілі.

Терапиялық әсер. Зерттеулер көрсеткендей, музыка терапияның маңызды элементі болып табылады. Ол стрессті жеңілдетуге, депрессияны төмендетуге және жалпы психикалық денсаулықты жақсартуға көмектеседі. Музыка тыңдау эмоционалдық жағдайымызды өзгертіп, позитивті энергиямен толтыруы мүмкін. Адамдар музыка арқылы өздерін жақсы сезінеді, мидың жұмысын белсендіреді, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Мәдениет пен бірлік. Музыка – мәдениеттің ажырамас бөлігі. Әр халықтың өз музыкалық дәстүрлері, стильдері мен жанрлары бар. Музыка – халықтардың тарихы мен мәдениетін таныстыру құралы. Ол адамдарды біріктіреді, достық, сүйіспеншілік пен ынтымақ сезімдерін қалыптастырады. Концерттер мен фестивальдарда музыка арқылы адамдар бір-бірімен байланыс орнатып, ортақ қызығушылықтарын бөліседі.

Заманауи музыка. Бүгінде музыканың әлемі технологияның дамуына байланысты айтарлықтай өзгерді. Стриминг сервистерінің арқасында әркім өз үндеуін таба алады, әлемнің түрлі өнерпаздары мен жанрларын тыңдай алады. Ақпараттық технологиялардың арқасында музыканттар өз жұмыстарын бүкіл әлемге тарата алады.

Қазақстан Республикасының жан-жақты дамыған жеке тұлғасын қалыптастыруда, елін, жерін сүйетін, намысты қолдан бермейтін, салт-дәстүрін, тілін, тарихын, әдебиетін бойына сіңіруде эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Өйткені, музыка сезімтал болуға, өмірдің әсемдігімен сұлулығын тереңірек білуге, мейірімділікке, әдептілікке, имандылыққа жетелейді.

Басты мақсат-бар мүмкіншіліктерді қарастыра отырып, әдет-ғұрып, салт-сананы оқушылар бойына сіңіретін жалынды да жігерлі ұрпақ тәрбиелеу.

Осы негізде академик А.Жұбановтың «Гимнастика денені қалай түзесе, музыка да адам жанын солай тәрбиелейді» деген ұлы сөзі іске асар еді.

Өзінің эмоциялық әсері арқылы музыка адамзат тарихында, мәдени –тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады. Баланың қабілетін қаншалықты ерте дамытса – соншалықты нәтижелі болмақ. Музыка адам жанын лас нәрселерден тазалайды. Музыка – өмірдің гүлі, ол адамзаттың рухани әлемін байытады, эмоцияларды тербейді, адамдар арасында байланыстың құралы болып табылады. Музыкасыз әлемнің түсі солғын болар еді. Сондықтан музыка өмірімізде әрқашан болады, және оның маңызы ешқашан азаймайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Музыка өнері тарихы(1995) Өнер баспасы. М.Жаппасбаев.
- 2.Музыка тарихы (2008) Өнер баспасы. Ж.Нәжімеденов



БАСТАПҚЫ ФОРТЕПИАНОҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ДАМУ ФОРМАЛАРЫ

Омарбаева Аякөз Сеилқызы, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «Балалар өнер мектебі» МКҚК фортепиано пәнінің мұғалімі

Фортепианода бастауышты оқыту тақырыбы жаңадан бастаушыларға арналған маңызды аспектілерді қамтиды. Оқытудың басында студенттерді фортепиано техникасының негіздерімен, дұрыс отырғышпен, қолдың дұрыс қойылуымен және ноталарды оқу негіздерімен таныстыру маңызды. Негізгі назар координация мен ритмиканы дамытуға, сондай-ақ музыкалық грамматиканы түсінуге аударылады. Оқыту барысында қарапайым жаттығулар мен бастаушыларға арналған репертуар пайдаланылады, бұл өзіне деген сенімділікті және музыкаға деген қызығушылықты арттырады. Сондай-ақ, сабақтардың оң және ынталандыратын атмосферасын қалыптастыруға ерекше назар аударылады, бұл материалды тиімді меңгеруге және музыкалық қабілеттерді дамытуға көмектеседі.

Тірек сөздер: Фортепиано, бастапқы кезең, ойын техникасы, ноталық грамматика, координация, ритм, жаттығулар, бастаушыларға арналған репертуар, музыкалық қабілеттер, ынталандыру.

Тема начального обучения игре на фортепиано охватывает ключевые аспекты, необходимые для успешного освоения инструмента новичками. В начале обучения важно познакомить учащихся с основами фортепианной техники, включая правильную посадку, постановку рук и основы чтения нот. Основное внимание уделяется развитию навыков координации и ритмики, а также пониманию музыкальной грамоты. В процессе обучения используются простые упражнения и репертуар, подходящий для начинающих, что помогает формировать уверенность и интерес к музыке. Особое внимание также уделяется созданию положительной и мотивирующей атмосферы на занятиях, что способствует более эффективному освоению материала и развитию музыкальных способностей.

Ключевые слова: Фортепиано, начальный этап, игровая техника, нотная грамматика, координация, ритм, упражнения, репертуар для начинающих, музыкальные способности, стимулы.

Музыкантты кәсіби оқытудың маңызды кезеңдерінің бірі-оқушының аспаппен алғашқы танысуы болатын бастапқы кезең. Көп нәрсе бұл жұмыстың қалай жүргізілгеніне байланысты және ондағы кемшіліктер тіпті жылдар өткен соң да әсер етуі мүмкін. Оқытудың бастапқы кезеңі ең күрделі және жауапты. Бұл оқушының музыкаға, аспапқа, сабаққа деген барлық көзқарасының негізі. Бұл барлық кейінгі музыкалық дайындықтың негізі. Мұғалімнен жоғары музыкалық біліктіліктен басқа ерекше психологиялық, ерік-жігер мен адамгершілік қасиеттердің болуы талап етіледі.

Мұғалімнің құрметі мен беделі мұғалімнің жеке басы үлкен рөл атқаратын ерте кезеңде ерекше маңызды. Оқушының сабаққа деген көзқарасы көбіне осыған байланысты. Кішкентай оқушылармен сабақ жүргізетін мұғалім сабақта жайбарақат, қуанышты атмосфера құра білуі, олардағы ойын көңіл-күйін сақтап, қиялын оята білуі керек. Сонымен бірге мұғалім музыканы үйретіп қана қоймай, сонымен бірге музыканы тәрбиелеуге міндетті. Музыка сабақтарын баланың өміріне табиғи жолмен енгізу өте маңызды, оны әдеттегі балалар өмірінен алшақтатпай, сонымен қатар баланың болмысынан

балаға жағымды және қажет болып көрінетін ештеңені (сүйікті ойындар, ойыншықтар) вытыстырмай. Бала кейінірек Еңбек міндеттерін біледі, алдымен оған музыканың керемет, жұмбақ елін ашып, баланың табиғатын бұзбай сүйеге көмектесу керек.

Бастапқы міндеттердің ішіндегі ең бастысы – «от жағу», баланы музыка тілін өзінің жасына байланысты табиғи «ойын кезеңінен» алыстатпай игеруге деген ұмтылыспен «жұқтыру» болғандықтан, сабақты қызықты ойын түрінде құру қажет. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу кезінде ескеруге қажетті бірнеше жалпы психофизикалық белгілерді ажыратуға болады.

Біріншіден, бұл жастағы балалар ұзақ уақыт бойы кез-келген мәселеге назар аудара алмайды. Сондықтан сабақтың мазмұны әр түрлі және түрлі-түсті болуы керек, сондықтан уақыт өте келе баланың қызығушылығы әлсіремейді.

Екіншіден, сәбилер қызығушылығымен ерекшеленеді, оны қанағаттандыру керек.

Үшіншіден, бала жаңа нәрселерді оңай қабылдайды, бірақ сонымен бірге тез ұмытады. Бұл мүмкіндікті санау керек және үнемі өткен материалға оралуды ереже ретінде қабылдау керек.

Төртіншіден, балалардың ойлау процесі оларға көптеген ақпаратты қабылдауға және игеруге мүмкіндік бермейді, әсіресе оны шоғырландырған кезде. Сондықтан асығыс, жылдам реакцияға мәжбүрлеу теріс салдарға әкеледі, өйткені ол алаңдаушылық, қорқыныш, асығыс әкеледі.

Бесіншіден, кішкентай балалар нақты бейнелерде ойлауға бейім. Осыдан қағида шығады: алдымен айтыңыз, содан кейін қандай да бір бейнелі белгіні енгізіңіз.

Бала фортепианода ойнауды жаңа ойын-сауық ретінде қабылдауы керек. Мұғалімнің міндеті-бұл ойын-сауықты бағыттау. Ол үшін баланың қиялын оятатын барлық нәрсені қолдануға болады: музыкалық материал мен сурет, мәтіні (жақсырақ балалардың өздері немесе мұғалімнің көмегімен құрастырылған), ойынға ілеспе әңгіме, басқатырғыштар.

Мысалы: 1. Күшті-әлсіз. 2. Көңіл-күйді болжау (бесік жыры, Наурыз, найзағай, арқанмен ойнау). 3. Дыбыстар «қол ұстасу» және «секіру» дыбыстары.

Пьесалар мен жаттығулар балалардың аңғал - ертегі қабылдауына оңай қол жетімді болуы керек және қол қою, алғашқы пианистік дағдыларды игеру немесе музыкалық нотаны меңгеру болсын, нақты тапсырманы орындауға бағытталған. Ерте сабақтардағы шарттардың бірі-оқушының жанашырлығын тарту. Мұғалімнің жеке басы оған жақын болмаса, бала музыканы жақсы көреді деп үміттеніп алмайды. Баланың толық ашылуы үшін кездейсоқ жағдай жасау маңызды. Бұл ең маңызды міндеттердің бірін - музыкалық ойлар мен сезімдерді жеткізу үшін қол бостандығы мен табиғи қозғалыстарды шешуге көмектеседі.

Кішкентай балалармен сабақ бастағанда, ең алдымен, оларды тым ауыр нәрсемен қорқытпауға тырысу керек. Қызығушылық пен қалау бәрінен гөрі оқудағы сәттіліктің кепілі болып табылады. Музыкаға деген қызығушылықпен ояңған кезде, ол музыкантқа қажетті, нақты деректердің көрінісі мен дамуына көмектеседі: есту, есте сақтау, және т.б. Музыкамен алғашқы кездесулерде қызығушылыққа қол жеткізе отырып, баланы біртіндеп кәсіби дағдылардың тар шеңберіне енгізуге болады. Кәсіби оқытуға көшкен кезде, ең алдымен, балаға қажетті білімді мүмкіндігінше оңай және түсінікті түрде ұсынуға тырысу керек. Олардың негіздерімен бірге музыкалық ойлау қалыптасады және жұмысқа деген ерік-жігер тәрбиеленеді. Балаларды музыкамен таныстыру олар үшін қол жетімді және түсінікті музыкалық материалдан басталуы керек. Сабақтың әдісі мен ерекшелігін көбінесе баланың өзі ұсына алады.

Біздің сабақтарымыз музыкант үшін маңызды барлық оқу жағдайларын бір уақытта дамытуға негізделуі керек. Әр сабақ мыналарды біріктіреді: 1) пернетақтамен танысу, 2) гимнастика және қол қою, 3) есту, ритақ, есте сақтау қабілеттерін дамыту, 4) музыкалық нота негіздері.

Пернетақтамен танысу. Аспаптың құрылымын қарастыра отырып, оқушы алдымен пернетақтамен танысады, регистрлерді үйренеді: төменгі, жоғарғы, оларды жануарлардың дауыстарымен, әртүрлі музыкалық аспаптардың тембрлерімен салыстырады. Оқушы мұғалімнің көмегімен үйреніп, фортепианода бір саусақпен ойнай алатын мұндай

ұқсастықтар мен кез - келген әнді таңдау балаға дыбыстардың оңға, солға - төмендейтінін есте сақтауға және болашақта өзгеру белгілерін игеруге көмектеседі. Балаға фортепианоның сезімталдығы туралы айту зиян тигізбейді. Ол дәрекі қарауды ұнатпайтындығы және өткір соққыға ол өткір, естуге жағымсыз дыбыспен жауап беретіні туралы. Осыған байланысты, дыбыс шығарудың алғашқы әрекеттері кезінде баланы қолдың икемділігін қадағалап, дыбысты тыңдауға үйрету керек. Баланың назарын пернелердің екі түсіне аудару керек, қара пернелерді топтастыруды және пернетақтаны октавалық топтарға бөлуді түсіндіру керек. Қара пернелерге келетін болсақ, оқушы ақ түсте еркін жүре бастағанға дейін біз оларды «құпиялар» деп атаймыз. Кейінірек балаға октаваның тондарға-жартылай тондарға бөлінуін түсіндіру керек, оқытудың алғашқы қадамдары үшін қара пернелердегі ойын өте ыңғайлы, өйткені олар түсімен және орналасуымен ерекшеленеді. Қара кілт оқшауланғандықтан, қалғандары жиналған кезде оны бір саусақпен «алу» оңайырақ.

Пианисттің қозғалыстарын ұйымдастыру мәселесіне өз тәжірибесінде мұғалім және пианист А. Шмидт - Шкловская көп көңіл бөлді. «Пианисттік дағдыларды тәрбиелеу туралы» брошюрасында ол ойын аппаратының барлық бөліктерінің позасы мен өзара әрекеттесуін дұрыс қалыптастыруға көмектесетін көптеген жаттығуларды ұсынады. Құралдың артында тыныш, ыңғайлы және тұзу отыру керек, тек алға қарай сәл иілу керек. Иықтар төмен, тыныс алу тегіс және бос. Аяқтың жақсы тірегі позаны сақтауға көмектеседі. Осы 6-7 жас аралығындағы балалар үшін аяқтың астына қажетті биіктікті таңдау маңызды.

Бұл позаның дамуына әртүрлі жаттығулар көмектеседі:

Тұру: а) қолдарыңызды корпустан алыстатыңыз және оларды ерікті түрде түсіріңіз, саналы түрде олардың құлауының толық пассивтілігіне назар аударыңыз. б) қолдарыңызды созып, қолдарыңызбен айналдырыңыз иықтың абсолютті еркіндігі сезімімен денелер мен бастың үстінде буындар. в) иықтарыңызды көтеріп, кенеттен оларды оңай және еріксіз түсіріңіз.

Отыру: а) шынтығыңызды екінші қолыңыздың алақанына тіреп, білектеріңізді жылжытыңыз жоғары-төмен, бір қозғалыспен, шеткі нүктелерде тоқтаусыз. б) шынтықты екінші қолдың алақанына тіреп, білек шеңберлерін сипаттаңыз. в) үш ортаңғы ұзартылған саусақпен сүйеніп, щеткаңы іліп қойыңыз үстелдің шеті. Қол шынтықтағы ауырлық сезімімен еркін ілінеді. Оны апарыңыз корпустың жағы (саусақтар үстелде қалады, содан кейін кенеттен төмен түседі және аялдамаға дейін өз бетінше тербелуге мүмкіндік беріңіз). Ойын кезінде негізгі жүктемені иық, арқа, кеуде және иық белдеуінің ең күшті және ең қиын бұлшықеттері көтереді. Көбінесе бұл бұлшықеттердің қысылуы пианисттің жұмысына кедергі келтіреді. Фортепианодағы ең жақсы қол позициясы-оны оңай және тезірек өзгертуге болады.

Әлсіз саусақтар бүгілуі мүмкін. Мұның себебі-қатты, табиғи емес дыбыспен ойнауға деген ұмтылыс-демек, шамадан тыс қысым. Қажет болса, қолдың доғасы сынған, дөңгелектелген жалқау саусақтарды тудыратын жалпы «саусақтарды жинау» ұсынысын қолданғаннан гөрі тыныш ойнаған дұрыс. Оқушыға дыбыссыз, жұмсақ пернені басу жаттығуын беру керек.

Қаттылық щеткалары. Триллерді баяу қарқынмен ойнау керек, білекпен айналмалы қозғалыс жасау. Білектің қаттылығы. Тремолоны баяу қарқынмен ойнау керек, алақанды асыра ашып. Бесінші саусақтың қаттылығы. Оқушылардың назарын осы кемшілікке аударғанда, олар әдетте бесінші саусақтарының физикалық әлсіздігіне сілтеме жасайды. Кейде бұл дұрыс. Бірақ бесінші саусақтардың әлсіздігі музыкалық және физикалық ерекшеліктен туындайды. Төртінші және бесінші саусақтарға арналған зерттеулер мен бесінші саусақтардан басталатын тізбектер ойнатылуы керек. Қол мен білек икемді болуы керек, бұл тіректің бір саусақтан екінші саусаққа ауысуын жақсы сезінуге мүмкіндік береді, ал болашақта (legato-ның кеңейтілген тізбектерін ойнағанда) әуезді сызықтардың жалпы бағыты.

Сабақ - бұл әрдайым қызықты ойын. Оның көмегімен Сіз баланың шығармашылық бастамасын, ойлау қабілетін оятуға тырысуыңыз керек, оқушыға ноталар музыканың барлық құпиясын қамтитынын түсіндіріңіз. Осы мақсатқа жетуде келесі әдістер

пайдалы болуы мүмкін: Оқушыны жаңа музыкалық материалмен таныстыра отырып, Сіз оған пьесаның бейнесін тудыратын нәрсені салуды ұсына аласыз. Ерте жас кезеңі шығармашылықты дамыту үшін ең қолайлы болғандықтан, маңызды міндеттердің бірі - балаларды жазуға ынталандыру. Кем дегенде бірнеше әндер немесе пьесалар жасау қуанышына қатысқан бала өзі орындайтын шығармаларға басқаша қарайды, музыканы басқаша тыңдайды және естиді. Сіз әр пьесада екі-үш атау ойлап таба аласыз, жақсырақ мінезіне қарама-қарсы және олардың сипатына сәйкес орындай аласыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мухамедова, А. Ә. – «Фортепиано ойнаудың негіздері» (2021).
2. Сейтқасымова, Н. Б. – «Музыкалық білім беру: теория және практика» (2019).
3. Құдайбергенова, Г. – «Бастауыш музыкалық білім беру әдістемесі» (2020).
4. Назарова, Л. – «Фортепиано үшін оқулық: жаңадан бастаушыларға арналған» (2018).
5. Нұрмағанбетова, Ә. – «Музыкалық сауаттылық және оның оқыту әдістері» (2022).



ШЕРТПЕ КҮЙЛЕРІНІҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Кішікбаева Алма Қабдікәрімқызы
Жетісу облысы Талдықорған қаласы, Балалар
өнер мектебі МКҚК, домбыра сыныбының
мұғалімі

Мақалада шертпекүй жанрына мән бере отырып, қазақ халық музыкасының бай дәстүрлері қарастырылған. Философиялық мазмұны терең, қазақ музыка мәдениетінде елеулі орын алатын шертпе әуендерге ерекше мән берілген. Мақалада шертпе күйдің пайда болу тарихы, даму кезеңдері, орындау тәсілдері мен стильдері талданады. Қорытындылай келе, шертпе күйлердің қазіргі қазақ мәдениетіндегі орны айқындалып, олардың одан әрі даму жолдары ұсынылды.

В статье рассматриваются богатые традиции казахской народной музыки, с акцентом на жанр шертпе-кюй. Особое внимание уделено мелодиям шертпе, обладающим глубоким философским содержанием и значимым местом в казахской музыкальной культуре. В статье анализируются история возникновения шертпе -кюй, этапы их развития, а также методы и стили исполнения. В заключении определяется роль шертпе-кюев в современной казахской культуре и предлагаются пути их дальнейшего развития.

Ғаламдық жаһандану жағдайындағы жаңа қоғамда орын алған ірі экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне орасан ықпалын тигізіп отыр. Әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуі – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін алға тартып отыр. Музыка өнері жеке тұлғаны қалыптастырудың құралы екендігін А.Құнанбаев айта келе: «құлақтан кіріп, бойды алар, әсем ән мен тәтті күй...» деп айтқан екен. Күй - өнердің ұлттық тілге, мемлекеттік шекараға бағынбайтын жанры болып саналады. Алайда барлық өнер туындылары тәрізді музыкалық шығармалар да ұлттық таным мен түсініктен бастау алып, туған халқының мұңы мен арманын бейнелегенде ғана шынайы сипатқа ие болады.

Шертпе күйлерінің орындаушылық мәдениеті

1.1 «Күй» атты қазақтың аспаптық музыкасының зерттелуі

Ұлттық өнерге қызығушылықтың тәлім-тәрбие бастаулары тарихи дәуірлер көшінде заман талаптары мен құбылыстарының өзгерістеріне қарай өзінің даму мен қалыптасу генезисінің ерекшеліктерімен сипатталып отырды.

М. Қашқаридың: «..Ұлым, менің өсиетіммен жанды аузыңа қаратқын. Ғалым болып, білімді ел ішіне таратқын..»,- деген тағылымдық өсиеттер арқылы, жас ұрпақтың тағдыры мен болашағына деген алаңдаушылығын білдіреді. Ал, халық тәлімгері атанған Қайқауыстың «Кодекс куманикус» атты еңбегінде: «...ей перзентім...дүниедегі басқа заттарды өз өрнегің сияқты танып түсіне біл. Аллаһ тағала, адамзатты жаратты. Оған өмір сүруге қажетті өнер, білім, саясат ағымдарын жаратты. Сені жан-діліңмен жақсы көріп, тәрбиялап жүрген ата-анаңның көңілін қалдырма. Білім – ақылдың ажар көркі. Аңдасаң – ақыл деген қымбат нәрсе. Оны ұры алып кете алмайды, отқа жанып, суға ақпайды..»,- деген астарлы ұғымдары арқылы ұлттық тәлім-тәрбие тамырларының тереңде жатқанын пайымдайды.

Күй-қазақ халқының аспаптарына (домбыра, шертер, қобыз, сыбызғы, сазсырнай т.б.), күйші-композиторларына, орындаушыларына, тыңдаушыларына тең дәрежелі. Ол жас-кәріні, қыз-баланы, бай-кедейді және т.с.с. таңдамайтын күллі қауымға ортақ дүние. Бұл құбылыс қазақ адамының шерін тарқататын және ойын жеткізетін қару болғандықтан, кішкентай бала, бойжеткен немесе қария шал шертетін күй деп бөлінбеген. Музыкалық

және беймузыкалық компоненттердің топтасуы күй өнеріндегі жанрлық жүйе мәселесінің шешілуіне және анықталуына ыңғайлы, әрі қолайлы болғандықтан осы қалпында назарға алынады. Олар күйтану саласында күрделі мәселелерді құрайды, оның әр қайсысы жеке-жеке сұрыпталғандықтан, тұтас зерттелуі тыс қалғаны белгілі болды.

Күйдің аты, шығу себебі мен тарихы, атқаратын міндеттері, орындалу кезеңдері, орындаушы мен тыңдаушылар арасындағы қарым-қатынасы, орындаушылар сағы және т.с.с. жатады. Күй жанрының «күй» аталуынан адамзаттың ішкі-күйін шерткені байқалады. Оның өзегінде ұлт мәдениетінің терең сырлары, халықтық дүниетанымы мен биік сезімдері, көркемдік танымы өрілген.

Credo Артоболевской максимально знакомить ученика с лучшим, что создано в музыке, без всяких возрастных барьеров. Для неё фраза: «Он это не поймет» - недопустима. Артоболевская не навязывала ученику свой путь, а шла за его стремлениями и направляла его. Это один из важнейших приёмов её педагогического общения. Она стремилась первоначально «заразить» ребёнка своей страстью к музыке.

Список использованной литературы:

1. Артоболевская А.Д. «Первая встреча с музыкой», Издательство «Композитор», г. Санкт-Петербург;
2. Кабалецкий Д. «Как рассказать детям о музыке?» Москва, 1977г.
3. Артоболевская А.Д. Сборник воспоминаний, статей, трудов и писем. Научно методическое издание. Москва, 2015 г.
4. Михайловская Н.М. Музыка и дети. Москва: Советский композитор, 1977 г.
5. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. Москва: Педагогика, 1986г.



ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПРЕПОДАВАНИЯ ВОКАЛА

Кайнарбекова Г.К.
преподаватель вокала ГККП «Детская школа искусств» ГУ «Отдел образования по городу Талдыкорган Управления образования области Жетісу»

В статье рассмотрены инновационные технологии преподавания, XXI век – век высоких технологий, коммуникаций и инноваций. Активно идет процесс смены образовательных стандартов, меняются способы средства обучения детей включая мотивацию, самодисциплину, эмоциональную поддержку и взаимодействие учителя и ученика. Современным детям - современное образование. А какие они – современные дети? Это дети новой генерации: талантливые, любознательные, хорошо образованные в сфере информационных коммуникаций, это дети с повышенными требованиями к жизни, к образованию, к досуговой деятельности, поэтому и подход к работе с такими детьми в студии сольного пения «Диски» модернизируется, постоянно совершенствуется для обеспечения качественного полноценного образовательного процесса обучающихся с целью получения ими знаний, умений и навыков.

Мақалада оқытудың инновациялық технологиялары, XXI ғасыр - жоғары технологиялар, коммуникациялар мен инновациялар ғасыры қаралды. Білім беру стандарттарын ауыстыру процесі белсенді жүруде, балаларды ынталандыру, өзін-өзі ұстау, мұғалім мен оқушының эмоциялық қолдауы мен өзара іс-қимылын қоса алғанда, оқыту тәсілдері өзгеруде. Қазіргі заманғы балаларға - қазіргі заманғы білім беру. Ал қазіргі балалар қандай? Бұл жаңа буынның балалары: талантты, білімді, ақпараттық коммуникация саласында жақсы білімді балалар, олар өмірге, білімге, бос уақытқа деген талаптары жоғары балалар, сондықтан «Дисктер» жеке ән салу студияларында осындай балалармен жұмыс істеу тәсілі жаңғыртылуда, білім алушылардың білім, іскерлік және дағдыларды алуы мақсатында сапалы толыққанды білім беру процесін қамтамасыз ету үшін үнемі жетілдірілуде.

Современная образовательная среда - это условия, в которых каждый ребенок развивается соразмерно своим способностям, интересам и потребностям. С раннего возраста дети чувствуют потребность в эмоциональном общении, испытывают тягу к творчеству. Именно в период детства важно реализовать творческий потенциал ребенка, сформировать творческие навыки, приобщить детей к искусству, которое способствует развитию творческой фантазии. Каждый ребенок находит возможность для творческого самовыражения личности через музыку или танец.

Симбиоз традиций и инноваций в педагогических подходах на занятиях с вокальным коллективом сегодня заслуживает особого внимания. Опыт моей детской вокальной работы наглядно демонстрирует взаимодействие традиционных и инновационных методов развития вокальных способностей обучающихся:

Традиционные методы - это пояснения и разъяснения по изучению вокальной техники, построения и разучивания песен, изучения истории становления и развития вокального искусства, общее эстетическое развитие обучающихся.

Инновационные методы - это современные технологии развития вокальных способностей, в основе своей использующие интерактивные и интернет ресурсы для развития профессиональной и творческой активности, сплочения коллектива.

Интернет ресурсы и интерактивные мультимедиа, используемые в вокале - это передовая форма современного музыкального образования, основное направление прогрессивных педагогических технологий.

1. Технология обучения в сотрудничестве.

Это традиционная технология, позволяющая организовывать и проводить занятия в различных форматах взаимодействия и сотрудничества.

В моей практике, для достижения наибольшей эффективности работы вокального коллектива и высокого творческого результата, использую следующие формы занятий:

- индивидуальная форма – занятия, в которых участвует 1 человек. Нарбатывается вокальная техника, звукоизвлечение, дикция, артикуляция, дыхание и др. вокальные приемы. Работа в звуко извлечений входят техники: fry, Belting. Mix, twang, riff, subton, whistle.

- Фрай «Вокальный хруст» - это очень важная вокальная концепция. Вокальный фрай является еще одним из наших вокальных регистров, они не совсем звучат так же, как большинство более спетый регистры.

- Вокальный фрай – это грудной, самый низкий регистр, нужно учиться как для техники и стиля. Вокальный фрай помогает нам с медиальным компрессием. Свободное соединение резонаторов через форингиальный звук.

- Бэлтинг- это ротовое резонирование. Это миф, который витает в воздухе. Плотная и спортивная координация. Тяжелый механизм, там больше голосовых связок собираются вместе более толстым, сильным способом. Это то, что дает ему такой мощный звук. Это то, что иногда дает «желе». Похожие на силовые тренировки.

- Великий Бэльтер знает, как переключать передачи в микс.

- Микс – это смесь силы и гибкость. Если поешь слегка, но не терять часть своей основной силы, это главный доминирующий микс.

- Твэнг – это звонкий звук, которое получается в результате сужения черполовидного надгортанного сфинктера.

- Легкий способ найти звук пародируя персонажей. Очень важно найти его в разговорном, а затем с ним петь.

- Рифф- пента тоническая шкала, 5 тонов, эта серия импровизационных заметок. Это вообще своего рода классическая музыка.

- Субтон –это звучание голоса с явно слышимыми воздушными шумами. В западной вокальной терминологии такое понятие заменяется «фальцет» вне зависимости от высоты регистра.

- Вистл – это свистковый регистр, самый высокий. Звук выше фальцета. Напоминает звук свистка. Свистковый регистр типичен для детских голосов.

- Свистковый регистр соответствует нотам четвертой – пятой октавы. Им обладают оперные и эстрадные певцы и певицы как Мэрая Кэри, Адам Лопес, Димаш Кудайбергенов.

- Мэрая Кэри – 27 марта 1969 года, американская певица, автор песен, музыкальный продюсер. Самый успешный альбом «Emotions», в 1991 году премия «Грэмми» за лучшее женское вокальное исполнение.

В своей практике я использую не только традиционные формы и приемы, также, все чаще и чаще применяю на занятиях такие методы, как:

Метод информационных технологий

Он включает в себя: изучение методики работы с Интернет–технологиями (знакомство и исследование сети Интернет, посещение и изучение вокальных сайтов, изучение специальной литературы и необходимой информации по вокалу);

использование метода проектов и творческих заданий на занятиях вокалом с применением средств you tube (конвертирую с you tube видео на аудио, скачиваю нужные записи в нужном формате, использование обучающих видео, использование некоторых распевок для развития уровня техники вокала.

Психологический метод работы

Новой программе «Развитие творческой свободы и эмоциональной раскрепощенности детей на сцене» обучает юных вокалистов педагог-психолог. На первом занятии дети узнали какими бывают страхи, что при этом чувствует человек и как можно бороться с этим чувством. Метод работы с психологом начался с 1 сентября 2020г.

Технология портфолио.

- Портфолио – портфель индивидуальных образовательных достижений. Этапы работы с портфолио - планирование, подготовительный этап, проведение, анализ.
- Работа над созданием электронного портфолио позволяет каждому обучающемуся увидеть себя как человека способного и компетентного, идущего в ногу с современными технологиями, развивает умение истинно оценивать себя - научиться давать позитивную оценку и находить положительные стороны своей работы, научиться конструктивно критиковать отрицательные моменты представления презентации. Все это развивает умение сотрудничать, умение искать пути решения поставленной задачи, развивает исследовательские умения.


Технология мотивации.

Важная мотивация для детей, которые занимаются вокалом это участие в концертах, конкурсах и фестивалях!

И в заключении хочется отметить, что использование интерактивных технологий и интернет ресурсов в дополнительном образовании бесспорно одна из самых эффективных форм передачи знаний и умений, обучения и воспитания. Центральным звеном данного обучения является демонстрация оригинальных практических и теоретических методов освоения определенного содержания вокала, передачи педагогического мастерства при активном взаимодействии всех участников педагогического процесса и позволяющая демонстрировать новые возможности педагогики для современного развития обучающегося.

Список использованной литературы:

1. Герасимова, Н. В. (2016). Современные подходы к преподаванию вокала в музыкальных учебных заведениях. Москва: Музыка.
2. Куликова, Е. А. (2018). Инновационные методы обучения вокалу в контексте современной музыки. Санкт-Петербург: Лань.
3. Смирнова, Т. В. (2017). Технологии музыкального образования: новшества и традиции. Казань: Казанский государственный университет.
4. Ложкова, И. Ю. (2019). Психология вокального исполнения: современные аспекты. Ростов-на-Дону: Издательство «Ростов».
5. Шевченко, А. И. (2020). Интерактивные технологии в преподавании вокала. Новосибирск: НГУ.
6. Куркова, А. С. (2021). Методические подходы к обучению вокалу в условиях цифровизации образования. Владивосток: ДВФУ.
7. Аникеева, В. Ю. (2022). Использование мультимедийных технологий в вокальном обучении. Екатеринбург: Уральский государственный университет.
8. Тихомиров, Д. Н. (2018). Современные технологии и методы преподавания вокала: опыт и перспективы. Тверь: Тверской государственный университет.



ДОМБЫРА АСПАБЫНДА ОЇНАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Серикболқызы Айбарша
“Жетісу облысы білім басқармасының
Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі” ММ
“Балалар өнер мектебі” МҚКК Домбыра пән
мұғалімі

Бұл жұмыста домбыра тартудың негізгі әдістері мен тәсілдері, олардың ұлттық мәдениетті сақтап, келешек ұрпаққа жеткізудегі маңызы қарастырылған. Бұл аспапта орындаушының шеберлігі мен дара стилін жетілдіру жолдары да қарастырылады. В данной работе рассматриваются основные методы и приемы игры на домбре, их значение для сохранения национальной культуры и передачи её будущим поколениям. Также обсуждаются способы совершенствования мастерства и индивидуального стиля исполнителя на этом инструменте.

Домбыра өнерінің, оны үйрену, үйретудің ұзақ ғұмырнамалық тарихы бар. Ол сонадан жеткен дәстүрлі құйма - құлақ әдісі. Кәсіби домбырашы болу бәріне міндет емес, бірақ домбыраны білу бар қазаққа қажеттілік. Әдістемелік түсініктемер Домбырашының отырысы және аспаптың орналасуы дыбыстың таза әрі құлаққа жағымды шығуы домбырашының отырысына және аспаптың дұрыс орналасуына тығыз байланысты. Домбыра үйренушілеріне орындықта дұрыс отыру мен аспапты дұрыс ұстауды үйрету өте мән берелік жұмыс. Домбырашыны орындықтың алдыңғы жартысына, оң аяқты сол аяқтың үстіне қойып (ұлдар үшін: сол аяқтың тізесінің үстіне оң аяқ тобығының сәл жоғарғы тұсы орналасуы керек) отырып ойнайды. Қыз балалардың отырысының ұлдарға қарағанда сәл өзгешелігі бар, бұл ұлдар мен қыздардың киім ерекшелігіне байланысты. Үйренуші аспапты қысылмай, қымтырылмай меңгеруі үшін киімі денеге тар болмай, емін- еркін отыруы қажет. Әсіресе екі иықты түсіріп, еңкеймей, тік отыруға жаттыққан жөн.

Орындықта дұрыс отырмау, мысалы, еңкіш отыру, шалқақ отыру немесе қырын отыру домбырашыға ыңғайсыздық тудырып, сол қолдың дұрыс орналаспауына, оң қолдың білезік буынының дұрыс қалыптасуына, шынтақтың денеге қысылып, иықтың бір-бірінен жоғары болуына әкеп соқтырады. Домбырашының сол аяғы еденге нық басылып, денесін тік ұстауы керек.

Алғашқы үйрену кезінде басын аздар алға қарай еңкейткені жөн, өйткені орындаушы домбыра пернелерін және өз отырысының дұрыс немесе терістігін қадағалап отыруы керек. Домбыраның басы сол иықтың деңгейіне дейін көтеріліп, шанақтың төменгі бүйірі оң аяқтың үстіне орналасады да, ал жоғарға бүйірі кеудеге тақалып тұруы керек. Оң қолдың шынтағы қақпақтың ішекке дейінгі бөлігіне тиектің сыртқы жағынан орналасады. Домбыраның сабы (гриф) сол қолдағы сұқ саусақтың үшінші буыны мен бас бармақтың екінші буынынның аралығында ұсталып, бас бармақ екінші (ортаңғы) саусақтың тұсына дәл келіп тұруы керек. Бұл жағдай домбырашының негізгі отырысы болып есептеледі. Кейде отырыстың биік немесе аласалығына байланысты негізгі отырыстың өзгеріп кетпеуі үшін, домбырашының, орындығы бойына лайық (төмен немесе жоғары) болуы шарт. Оң және сол қолдардың жеңіл де әрі жылдам қозғалыстары аспапты дұрыс ұстауға тығыз байланысты. Оң және сол қолды аспапта орналастыру тәртібі Оң қолдың шынтақ буыны домбыраның жоғары бүйіріне, ішекке дейінгі жерге қақпақтың бетіне орналасады. Оң қолдың білек буыны сәл иіліп 60 градус шамасында бұрыш жасап орналасады. Бас бармақ сұқ саусақпен ұштасып, бос ұсталады да, қалған саусақтар сұқ саусақтың бағытымен бір-біріне бос жалғасып жатады. Саусақтар мен алақанның арасында сәл қуыс қалуы керек.

Саусақтарды бытыратып немесе бір-бірінен алшақ ұстағанда дыбыс өте әлсіз шығады. Себебі қағыс қағуға тек бармақ пен сұқ саусақтың күші жеткіліксіз, сондықтан қалған саусақтар сұқ саусақпен жалғасып, қосымша күш беруі керек.

Оң қолдың бұлай орналасуын қос ішекті бір мезгілде ойнағанда пайдаланады, ал әрбір ішекте жеке-жеке ойнағанда оң қол сәл басқаша орналасады. Оң қолдың басынан шынтақ буынына дейінгі бөлігі қақпақтың бойынан ішектің үстіне орналасады да, ал шынтақ буыны қақпақ пен шанақтың қырына таяу орналасады. Бас бармақ үстіңгі көлбеу орналасып, ал сұқ саусақ сәл бүгілген күйінде орналасады. Жалпы оң қолдың саусақтары қалай жиналып тұратын болса, сол қолдың саусақтары да солай орналасуы керек. Айырмашылығы: оң қолдың саусақтары төмен, ал сол қолдың саусақтары жоғары қарай бағытталған.

Домбыраның сабы сол қолдың алақанына тимеуге тиіс, домбыра сабы меналақанның арасы қуыс болуы шарт. Егер домбыраның сабы алақанға тиіп тұрса, сол қолдың білезік буыны қысылып қалады да, саусақтардың қозғалысына кедергіжасайды. Пернелерді басқанда сол қолдың саусақтарының тырнаққа жақын жеріндегі жұмсақ етімен және перненің дәл үстінен баспай, пернеден сәл төмендеу жерінен дәл басу керек (6-шы және 7-ші суреттер). Бұл дыбыстың таза, әрі сапалы шығуын қамтамасыз етеді. Оқушының отырысындағы жиі кездесетін кемшіліктер.

Домбыра пернесіне алдынан қарау, домбыраның мойынын кейін тарту, сол қолдың шынтағын, иығын көтеру, білезік буын көтеріледі, саусақтар домбыраға толық қойымайды, кейін ысырылады, төменгі ішектегі әлсіз дыбыстар осыдан шығады, бармақтың пернеден аса бүгілуі, оң аяқ төмен түседі, оң қолдың шынтағы домбыра түймесіне тіреп төмен ұстайды, оң қол білезік буыны көтеріледі, салмақтың бәрі оң шынтақта қалады, домбыраның басы сол иықтан жоғары көтеріледі.

Оқушының оң жаққа қисаюы омыртқа жүйесі, дене бітімі бұзылуына әкеліп соғады. Ырғақтық суреттерді меңгеру тәсілдері Ырғақтың музыкада алатын орны ерекше. Домбырадан сабақ беру барысын да ырғақты түсіндіруге өте көп көңіл бөлінуі қажет. Оқушыны ырғаққа тәрбиелеу – жалпы шығарма екпінін сезінуді жетілдіру, тактідегі ұзақтықты тез қабылдауды қамтиды. Оқушыны сабақ кезінде біртіндеп жаңа ырғақтық суреттерді меңгере беруі керек. Мысалы, бірінен кейін бірі келіп отыратын ширектік, сегіздік, оналтылық ноталарды, затакт, пунктирлі ырғақ, синкопалықырғақ т.с.с. түсініп ойнау қажет. Осымен оқушы өзінің ырғақ жөніндегі түсінігін қалыптастырады.

Оқу жоспарын жасау барысында оқытушы бұл жұмысқа сабақтың көпшілік уақытын бөлуі керек. Бастапқы оқыту барысын да оқушының дәлме-дәл санап ойнауын қадағалап отырған жөн. Ырғақты қалыптастыру кезеңінде оқытушы оқушының қандай кезде дұрыс санамай отырғанын ескеріп оны тез түзетуге шара қолдануы керек. Оқушының әсіресе пауза санамауы, нота ұзақтығын қысқартып ойнауы, дуоль, триоль, т.с.с динамикалық тәсілдерді пайдаланбауы, шығарманы ойнау кезінде жылдамдатып немесе жәйлатып қалуы, синкопада немесе шығарманың қиындау жерлерінде мүдіріп қалуы, шығарманың әрбір фразаларын аяқтауды жылдамдатып кетуі – міне осылардың барлығы ырғақты дұрыс меңгере алмауынан болады. Сондықтан ән-күйді алғаш талдағанда өте жәй екпінде, бір қалыпты санатып үйреткен жөн.

Сондай-ақ, оқушының орындаушылық тәсілдерді меңгеру барысында сан түрлі ырғақпен жаттыққаны жөн. Мысалы, тремоло, пицикако т.с.с. штрихтары бар шығармалар екпіні жағынан да жәй, жылдам немесе орташа болып дамуы керек. Қорыта айтқанда, домбырашының техникалық өсуі дегенді - әртүрлі штрих, ырғақ, екпінді еркін меңгерген шеберлік жиынтық деп түсіну Қазақстан ұстазы 40 керек. Музыкалық шығармамен жұмыс. Музыкалық шығарманы талдау, композитордың ойын, тілін, түсіндіру оқытушы үшін үлкен міндет. Оқытушы ең алғаш шығарманы талдағанда композитор жөнінде, не халық ән-күйлерін жеке аспаптарға лайықтап өндегендер жөнінде оқушыға түсіндіріп беріп, оны өзі аспапта ойнып көрсетіп берсе, ол үлкен ұстаздық жетістік болып саналады.

Оқушысын аспапта дұрыс меңгерумен қатар өз бетімен дайындалуға үйретіп, музыкалық қабілетін үнемі арттырып, орындаушылық өнерге ынталандыру оқытушы үшін нәтиженің көзі болып есептеледі. Оқушыға өзіндік дайындалу кезінде ең алдымен онта текстін

дұрыс игеру жүктелуі керек. Ол үшін оқушыға жәй екпінде, ырғақ жағынан дәл ұстап, шығарманың қиын жерлерін бөліп алып дайындалу т.с.с. тапсырмалар жүктеледі. Міне осы тапсырмалар игерілген мезгілде ған шығармамен жұмыс істеу басталады. Бұл: оқытушының түсіндіруі, композитор жөніндегі түсінік, динамикалық теңеулер, музыкалық шығарманың формасы, құрылысы, тональдік өзгерістерді т.с.с. көптеген факторлардан тұрады.

Оқытушы бұл факторларды музыкалық шығармаларда талдау, музыкалық форма, гармония, методика т.б сабақтарға үлкен көңіл бөлу арқылы оқушыға дұрыс жеткізе білуі керек. Музыкалы шығарманы үйрету барысында бірден орындауға қиын тиетін жерлерін меңгеру үшін оқытушы тарапынан нақтылы әдіс-амалдар көрсетілгені жөн. Сондай-ақ, шығарманы құрылымдық – фразалық құрамына сәйкес әуелі жеке-жеке дайындап, сосын ғана толық орындағаны өте тиімді. Тіпті кейбір қиын тұстарына арнайы жаттығулар берілгені дұрыс. Міне, осы жаттығулар орындалғаннан кейін, шығарманың негізгі желісін түсініп, шарықтау шегі мен көркемдік мәнін ашуға кірісу керек. Бұл жерде оқытушының өзіндік орындау шеберлігі іске асуға тиіс. Оқушыға шебер орындаушылардың таспадағы жазбасын тыңдатудың да мәні зор. Оқушының үй жұмысы.

Оқытушының басты міндеттерінің бірі – оқушының үйдегі дайындығын ұйымдастыру. Үйдегі дайындық күнбе-күнболғуы шарт. Бір күн демалыс жіберуге болмайды. Алғашқы кезде күнбе-күнгі дайындық оқушы үшін өте қиын болады. Сондықтан, оқушының ынтызарын аудару үшін жеңіл меңгеретін, оның түсінігіне ыңғайлы тапсырмалар берген жөн. Жұмысты өте ауырлатып жіберуге болмайды. Оқушының әр шығарма туралы өз көзқарасы, түсінігі болады. Оқытушы үшін мұны біліп отыру өте маңызды. Оқушының ішкі сезімі, шығармашылық қабілеті үйдегі дайындық барысын-да айқын көрінеді.

Сондықтан үй тапсырмасын бергенде оқушының табиғи қабілетіне, мүмкіншілігіне, ой-өрісіне, талғамына аса назар аудару керек. Нотаны бірден оқып, үйрену Нотаны бірден оқуға жаттығуды домбырашының дұрыс отырысы меңгеріп, екі қол қозғалыстарын қалыптастырғаннан кейін бастаған жөн. Бұл жаттығу берілген ноталық үлгіні әрі жәй екпінде, әрі ырғақты сақтап, санап ойнағанда ғана нәтижелі болады. Осындай ән-күйлерге оқушы өзінің аппликатурасын, қағыстарын қайтып орындаса, әрі қызықты, әрі әсерлі болары сөзсіз. Домбыра үйрету әдістері Бұл жинақ Домбыра өнері сұранысының үйрету бағыттарының, сұраныстың әр қилы болуына байланысты үш арнада қарастырылды.

1. Домбыраны сан жүйесімен үйрету. Домбыраны үйрнеуді ниет еткен, рухани тектілігі, таудай талабы бар жандарға сан жүйесімен үйрету. Есте сақтау қабілеті қалыптаспаған үйренушіге тиімді әдіс. Бұл тез үйренумен қатар нота сауатын қажетсінбейтін домбырашыға арналады. Сонымен қатар жас балаларға үйрету кезеңінде нота уақыт алады.

2. Құйма-құлақ бұл дәстүрлі күй үйрету мектебі. Құйма - құлақ әдісі жалпы домбыра үйрету мектебінің өзегі. Бұл қасиет музыка маманының әрқайсысында болу шарт, көбінесе табиғаттан беріледі. Құйма құлақ әдісін ғасырлық тарихы бар. Ол заманда да, қазірде күй ғұмыр боп өскен ауыл баласы құлақпен қабылдаған, қолын қойып ешкім үйретпеген. Үйрету әдісінің қиыны, бірақ ең тиімдісі.

3. Кәсіби, нота сауаты. Домбырашы мамандығын қалаған әрбір азаматтың үйрену жолы. Музыка мектептерінің ұстанар бағыты, дәстүрлі құйма-құлақ әдісі нота сауаты мен қатар жүргізіледі. Әдістердің қайсысы болса да ешбір маманға кедергі келтірмейді. Кәсіби жүйе үшін нотамен үйрену қажет. Домбыра да қолданылатын негізгі қағыстардың түрлері Домбырада қолданылатын қандай қағыстың түрі болмасын, бәрі дерлік дыбыс шығарудың тәсілдері болып есептеледі. Домбырадағы қағыстардың өзіндік атаулары бар.

Домбырада күрделі шығармаларды орындауға байланысты классикалық аспаптардан алынған қағыс түрлері де қолданылады. Олар жалпы «штрихтар» деп №04 (136), сәуір 2024 жыл 41 №1 бөлім аталынып, бірнеше түрге бөлінеді.

Домбырада қолданылатын әдістердің ішінде акцент, глиссандо, стаккато, портаменто сияқты штрихтар да бар. Акцент – көрсетілген дыбысты жеке, бөліп (салмақ түсіре) орындауды берілсе, глиссандо – екі нотаның арасын тремоло арқылы жалғастыра, домбыра сабымен жылжыта ойнауды көрсетеді. Стаккато – дыбысты өте қысқа, бөліп-бөліп

орындауды көрсетсе, ал, портаменто – дыбыстардың арасын үзбей, сол қолды көтермей орындау екрек екенін білдіреді.

Домбырашының оң қол шеберлігі осы әдістерді меңгеруге байланысты болады. Оңай қағыстан күрделі қағыстарға қарай біртіндеп жаттығу керек. Оң қол шеберлігін арттыру үшін арнайы жаттығу, этюд тер қолданған жөн. Домбыра үнінің сапасы, дыбыс көркемдігі тікелей оң қол шеберлігіне де байланысты, сондықтан оқушы бұл әдістерге мұқият дайындалуы керек. Оқушы шеберлігінің өсіп, даму жолдары ең жауапты да, қиын жұмыстың бірі оқушының сол қол саусақтарының шеберлік жылдамдығын өсіру. Бұл үшін күнбе-күнгі сабақта гамма, этюд, әртүрлі жаттығуларды пайдалану керек. Әр музыкант үшін қол жүгірту, жаттығу күнделікті әдетке айналуы тиіс.

Жаттығулармен дайындық. Оқудың алғашқы кезеңінде арнаулы жаттығулармен міндетті түрде дайындалу керек, себебі, бұл жаттығуларсыз оқушы дұрыс дыбыс шығара білуді, қолдың буындарының дұрыс қозғалысын қалыптастыруды жақсы меңгере алмайды. Бір ескертетін жәй: оқушының сол қол буындарының бір қалыпты жылжып, ретпен қозғалысын қадағалау, гамма, арпеджиомен жаттығу техникалық өсудің бірден – бір жолы. Гамма және арпеджиомен жұмыс жасағанда дыбыстың талығына, құндылығына, ритмикалық дәлдігіне үлкен көңіл бөлген жөн. Мұғалімнің негізгі міндетінің бірі әрбір оқушының жеке оқу жоспарын жасау. Ол баланың қабілет ерекшеліктеріне сәйкес күйлері мен пьесаларды дұрыс таңдап алуға негізделеді. Музыкалық сауатын кеңейтіп теориялық білімімен орындау мәдениетін қалыптастыра түседі. Оқушы орындайтын шығармаларды бірте-бірте күрделендіріп оларды кідіріс жасамай ойнайтындай дәрежеге жетуі керек.

Қорытынды

Домбыраның ойнау әдіс-тәсілдері Қазақстанның әр өңірінде өзіндік ерекшеліктерге ие болып, халықтың мәдениетінің, тұрмысының және тарихының бірегейлігін көрсетеді. Бұл аспаптың әртүрлілігі оның қазақ халқының рухани өміріндегі маңызын арттыра түседі. Домбыра арқылы ұлттың жан дүниесін жеткізу және оны келешек ұрпаққа жеткізу – әрбір қазақ үшін маңызды міндет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Домбыра үйрену мектебі» С.Бүркітов, А.Жайымов, Б.Ысқақов Алматы «Өнер» 1992 ж. [17-19]
2. «Домбыра үйрену әдістері» К. Сахарбаева Алматы, 2009 ж. [60-61], [87-88]
3. «Домбырадан сабақ беру методикасы» Х.Тастанов, «Жазушы» баспасы Алматы 1970 ж. [5-6]
4. «Күй- қастерлі әуез» А.Тоқтаған, Г.Елеусізқызы



ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ

Жекебаев Бейбіт Құсаинұлы
Жетісу облысы Талдықорған қаласы,
Балалар өнер мектебі МКҚК, Домбыра
сыныбының мұғалімі

Домбыра — қазақ халқының рухани мұрасы болып табылатын ұлттық музыкалық аспап. Ол әртүрлі жанрдағы шығармаларды орындау мүмкіндігін беретін ерекше дыбысқа ие. Алайда, домбыраның барлық қыр-сырын меңгеру үшін тұрақты түрде жаттығу қажет.

Орындаушылық шеберлікті жетілдіру үшін жүйелі жаттығулар мен арнайы әдістемелерді қолдану маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада домбырада орындаушылық шеберлікті дамытуға арналған негізгі жаттығулар мен олардың ерекшеліктері қарастырылады.

Домбра - национальный музыкальный инструмент, являющийся духовным наследием казахского народа. Он обладает уникальным звуком, позволяющим исполнять произведения разных жанров. Однако, чтобы освоить все тонкости домбры, необходимо регулярно тренироваться. Важную роль для совершенствования исполнительского мастерства играет применение системных упражнений и специальных методик. В данной статье рассматриваются основные упражнения для развития исполнительского мастерства на домбре и их особенности.

Орындаушылық шеберлікті дамытудағы жаттығулардың маңызы.

Жаттығулар — музыкалық аспапта ойнаудың негізгі элементтері. Олар орындаушының техникасын жетілдіру, қолдардың икемділігін арттыру, жылдамдық пен дәлдікті жақсарту мақсатында қолданылады. Домбырада жаттығуларды дұрыс орындау, ырғақты сезіну, және дыбыс сапасын бақылау шеберлікті жоғарылатуға көмектеседі. Тұрақты жаттығулар орындаушының физикалық қабілеттерін дамытып, домбырадағы күрделі шығармаларды жоғары деңгейде орындауға жол ашады.

Жаттығулармен дайындық. Оқудың алғашқы кезеңінде арнаулы жаттығулармен міндетті түрде дайындалу керек, себебі, бұл жаттығуларсыз оқушы дұрыс дыбыс шығара білуді, қолдың буындарының дұрыс қозғалысын қалыптастыруды жақсы меңгере алмайды. Бір ескертетін жәй: оқушының сол қол буындарының бір қалыпты жылжып, ретпен қозғалысын қадағалау, гамма, арпеджиомен жаттығу техникалық өсудің бірден – бір жолы. Гамма және арпеджиомен жұмыс жасағанда дыбыстың талығына, құндылығына, ритмикалық дәлдігіне үлкен көңіл бөлген жөн. Мұғалімнің негізгі міндетінің бірі – әрбір оқушының жеке оқу жоспарын жасау. Ол баланың қабілет ерекшеліктеріне сәйкес күйлері мен пьесаларды дұрыс таңдап алуға негізделеді. Музыкалық сауатын кеңейтіп теориялық білімімен орындау мәдениетін қалыптастыра түседі. Оқушы орындайтын шығармаларды бірте-бірте күрделендіріп оларды кідіріс жасамай ойнайтындай дәрежеге жетуі керек.

Саусақ икемділігін арттыруға арналған жаттығулар.

Домбыраның пернелері бойымен саусақтардың икемді және жылдам қозғалуы — жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберліктің негізгі көрсеткіші. Саусақ икемділігін дамыту үшін төмендегі жаттығуларды орындауға болады:

1. Хроматикалық гаммалар:

Хроматикалық гамма орындау — әрбір пернені бірінен кейін бірін басып, жоғары және төмен бағытта ойнау. Бұл жаттығу саусақтардың дәлдігі мен икемділігін арттырады.

Бастапқыда баяу қарқынмен бастау керек, кейін жылдамдықты біртіндеп арттыру қажет. Әрбір саусақтың реттілігін сақтау маңызды.

2. Қарапайым гаммалар мен арпеджио:

Мажор және минор гаммаларын орындау саусақтардың үйлесімділігін арттырады. Гаммаларды жоғарыдан төмен және керісінше ойнау арқылы саусақтардың дұрыс орналасуын және әр перненің нақты басылуын қамтамасыз етуге болады. Арпеджио жаттығулары да осы мақсатта қолданылады.

3. Саусақтарды бөлек жаттықтыру:

Әрбір саусақты жеке жаттықтыру, әсіресе әлсіз саусақтарды (мысалы, шынашақ) дамыту маңызды. Бір ішекте саусақтарды алма-кезек басып, олардың икемділігін арттыруға болады.

Қолдың жылдамдығы мен дәлдігін арттыруға арналған жаттығулар

Орындаушылық шеберліктің тағы бір маңызды аспектісі — қолдардың жылдамдығы мен дәлдігі. Бұл қабілеттерді жетілдіру үшін арнайы жаттығулар орындау қажет:

1. Үштік және төрттік ноталар:

Бір пернеден үштік немесе төрттік ноталарды орындап, кейін жылдам келесі пернеге көшу. Бұл жаттығу қолдың жылдамдығын арттырып, саусақтардың қозғалысын жетілдіреді. Әр саусақты біркелкі және нақты басу керек.

2. Секвенциялар:

Қысқа әуендік мотивтерді жоғары және төмен бағытта қайталау. Бұл жаттығу саусақтардың жылдамдығы мен дәлдігін ғана емес, сонымен қатар орындаушының есте сақтау қабілетін де жақсартады.

3. Тездетілген арпеджио:

Арпеджионы тез қарқынмен орындау арқылы қолдың икемділігін арттыруға болады.

Бұл жаттығу саусақтардың үйлесімділігін және жылдам қозғалу қабілетін дамытады.

Тремоло техникасын дамыту.

Тремоло — домбыра ойнаудың бірегей техникасы, ол бір ішекті үздіксіз шалып, дыбыс шығарады. Тремоло техникасы орындаушының қолының шеберлігі мен сезімталдығын көрсетеді. Тремоло техникасын меңгеру үшін келесі жаттығуларды орындау ұсынылады:

1. Баяу тремоло: Алғашқыда баяу қарқынмен бір ішекті шалу арқылы тремоло орындауға тырысу. Бұл жаттығу арқылы қолдың қозғалысын және әрбір шалудың біркелкілігін қадағалау керек.

2. Жылдамдықты арттыру: Біртіндеп қарқындылықты арттыра отырып, тремоло орындауды жалғастыру. Жаттығудың мақсаты — тремолоның біркелкілігін сақтай отырып, жылдамдықты арттыру.

3. Әр түрлі ішектердегі тремоло: Бір ішекте емес, әр түрлі ішектерде тремоло орындау арқылы қолдың икемділігін арттыру. Бұл тәсіл тремоло кезінде әр ішектің дыбыс сапасын бақылауға мүмкіндік береді.

Ритм және динамика жаттығулары

Домбырада ойнау кезінде ритм мен динамика орындаушылық шеберліктің маңызды элементтері болып табылады. Ритмді және динамиканы дұрыс сезіну орындаушының музыкалық экспрессиясын көрсетеді.

1. Ритмдік үлгілерді орындау: Түрлі ритмдік үлгілерді орындау, мысалы, синкопа немесе акценттерді ауыстыру арқылы ритмді сезіну қабілетін арттыруға болады. Бұл жаттығу орындаушының музыкалық сезімталдығын жақсартады.

2. Динамикамен ойнау: Бір әуенді әр түрлі динамикалық деңгейде (piano, forte) орындап, дыбыс күшін бақылауды үйрену. Бұл жаттығу арқылы дыбыс ауқымын кеңейтіп, әуеннің мәнін терең түсінуге болады.

3. Акценттер мен паузалар: Әуенде акценттер мен паузаларды дұрыс қойып, олардың ритмдік және экспрессивтік маңызын түсіну. Бұл жаттығу әуеннің құрылымын жақсы меңгеруге көмектеседі.

Күйлерден үзінділер жаттығулары

Қазақтың дәстүрлі күйлері домбыра орындаушылығында ерекше орын алады. Күйлерден

қысқа үзінділер алып, оларды қайталап ойнау орындаушылық стилді түсінуге және қолды үйретуге көмектеседі. Күйлердің әртүрлі ритмдік және мелодиялық құрылымдары орындаушының техникасын арттыруға ықпал етеді.

1. Күй үзінділерін баяу қарқынмен орындау: Алдымен күйлерден үзінділерді баяу қарқынмен орындау ұсынылады. Бұл тәсіл саусақтардың нақты орналасуын және дыбыстардың дұрыс шығуын қамтамасыз етеді.

2. Қарқынды біртіндеп арттыру: Уақыт өте келе қарқындылықты арттыру арқылы күй үзінділерін орындауды жалғастыру. Бұл жаттығу қолдың жылдамдығын және жалпы орындаушылық шеберлікті арттырады.

3. Әр түрлі күй стилдерін меңгеру: Әртүрлі стильдегі күйлерді ойнап, олардың ерекшеліктерін түсіну. Бұл тәсіл орындаушының музыкалық репертуарын кеңейтіп, әртүрлі орындаушылық техникасын меңгеруге көмектеседі.

Қосымша кеңестер мен әдістемелер

1. Метрономды қолдану: Метрономды қолдану жаттығу кезінде ритмді ұстауға және бірқалыпты ойнауға көмектеседі. Метроном арқылы жаттығу орындаушының уақытты дұрыс сезінуін қалыптастырады.

2. Күнделікті жаттығу: Қысқа, бірақ жүйелі күнделікті тәжірибе шеберлікті айтарлықтай жақсартады. Күніне 15-30 минут тұрақты түрде жаттығу орындаушылық қабілеттің артуына үлкен әсер етеді.

3. Әр түрлі техникалық жаттығуларды біріктіру: Жаттығуларды әр түрлі комбинацияларда орындау, мысалы, гаммалар мен тремолоны қатар қолдану арқылы қолдың икемділігін және техникалық қабілеттерін арттыруға болады.

4. Өзіңді тыңдау: Жаттығуларды орындау кезінде өз дыбысыңызды тыңдап, оны талдау маңызды. Өз дыбысыңызды ести білу және оның сапасын жақсартуға тырысу орындаушылық шеберлікті арттыруға көмектеседі.

Қорытынды

Орындаушылық шеберлікті дамыту жүйелі түрде жүргізілген жаттығулар мен әдістемелерді қолдану арқылы ғана мүмкін болады. Жаттығулар домбырашының саусақ икемділігін, қозғалыс жылдамдығын, қолдың үйлесімділігін және ритмді сезіну қабілетін арттырады. Хроматикалық гаммалар, арпеджио, тремоло, ритмдік үлгілер мен күйлерден үзінділер секілді жаттығулар саусақтардың үйлесімділігін, қолдың жылдамдығын, техникалық қабілеттілігін дамытып, орындаушының музыкалық экспрессиясын күшейтеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Жайымов А «Домбыра үйрену мектебі». А Жайымов, С Бүркітов, Б Ысқақов. - Алматы: Өнер, 1992.-240 бет.

Тұрсынов, Ә. «Домбыра өнері». Алматы: Қазақ университеті, 2017.

Әбілқасымов, Ж. «Домбырамен орындаушылық шеберлік». Алматы: Арман-ПВ, 2019.

Жұманов, С. «Домбыра арқылы музыкалық орындаушылық шеберлікті дамыту». Қазақ музыкасы, том 3, 2020, 12-18 беттер.

Қасымов, М. «Домбырамен орындаушылық әдістемелер». Музыкалық зерттеулер, саны 2, 2021, 25-30 беттер.

Нұрмұратов, А. «Домбыра өнерінде орындаушылық шеберлік пен әдістемелер». Диссертация. Қазақ ұлттық өнер университеті, 2022.

ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Қырықбаева Сания Қуанышқызы
«Жетісу облысы білім беру басқармасының Талдықорған қаласы
бойынша білім бөлімі» ММ «Балалар өнер мектебі» МКҚК,
сольфеджио пәнінің мұғалімі

Мақалада қазақ музыкасының әдебиеті туралы айтылады. Қазақ музыкасы халықтың мәдениетінің ажырама бөлігі ретінде қарастырылып, оның ұлттық болмысы мен тарихи мәні танылады. Музыкалық шығармалар, аспаптық өнер, халық әндері мен күйлері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұраның маңыздылығы көрсетіледі. Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы, Дина Нұрпейісова сияқты ұлы тұлғалардың өзаға музыка әдебиетіндегі орны мен олардың ұлттық музыкаға қосқан үлестері қарастырылады.

Тірек сөздер: Қазақ музыкасы, халық әндері, ұлттық аспаптар, Құрманғазы, Абай Құнанбайұлы, рухани мұра, халық әндері, музыка, дәстүрлі музыка, күй өнері, музыка әдебиеті.

В статье говорится о казахской музыкальной литературе. Казахская музыка рассматривается как неотъемлемая часть культуры народа, анализируется ее национальная самобытность и историческое значение. Значимость духовного наследия, передающегося из поколения в поколение, проявляется через музыкальные произведения, инструментальное искусство, народные песни и напевы. Кроме того, рассматривается место таких великих личностей, как Абай Кунанбайулы, Курмангазы Сагырбайулы, Дина Нурпеисова в казахской музыкальной литературе и их вклад в национальную музыку.

Ключевые слова: Казахская музыка, народные песни, национальные инструменты, Курмангазы, Абай Кунанбайулы, духовное наследие, народные песни, музыка, традиционная музыка, музыкальное искусство, музыкальная литература

Қазақтың музыкалық әдебиеті – бұл ғасырлар бойы қалыптасқан бай мәдени мұра. Қазақ халқының рухани дүниесі, өмірлік философиясы мен дәстүрлі құндылықтары музыкалық шығармаларда кеңінен көрініс табады. Осы мақалада біз қазақ музыкалық әдебиетінің даму кезеңдерін, оның негізгі жанрлары мен шығармаларын, сондай-ақ әйгілі композиторлар мен орындаушылардың үлестерін қарастырамыз. Қазақ музыкасының тарихи дамуы қазақ халқының музыкалық мәдениеті ежелгі замандардан бастау алады. Әр түрлі тарихи кезеңдерде музыка қазақ халқының өмірінде ерекше орын алып, рухани және әлеуметтік маңызды рөл атқарды. Қазақтың дәстүрлі музыкалық жанрлары, атап айтқанда күй, терме, жыр және айтыс, халықтың тұрмыс-тіршілігін, тарихи оқиғаларын және рухани құндылықтарын бейнелеген. Күй — қазақтың дәстүрлі музыкасының ерекше жанры. Бұл аспаптық музыканың түрі, көбінесе домбыра немесе қобыз аспаптарында орындалады. Әрбір күйде белгілі бір ой, оқиға немесе сезімдер шынайы көрініс табады. Қазақ күйшілері өз туындыларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, ерекше әуендері мен ырғақтарын сақтап келген. Танымал күйшілердің бірі – Құрманғазы Сағырбайұлы, оның күйлері қазақ музыкалық әдебиетінің классикасына айналды. Дәстүрлі музыкалық аспаптар қазақ музыкасы дәстүрлі музыкалық аспаптармен тығыз байланысты. Олардың ішінде домбыра, қобыз, сыбызғы және шертер ерекше орын алады.

Домбыра – қазақ халқының мәдени символы ретінде кеңінен танымал. Бұл аспап күй мен әндерді орындау үшін пайдаланылады. Қобыз – көне дәуірден келе жатқан, рухани мәні терең аспап, көбінесе шамандық рәсімдермен байланыстырылады. Домбыра - қазақ мәдениетінің символы, домбыра – қазақ халқының ұлттық аспабы. Екі ішекті бұл аспап ғасырлар бойы халықтың музыкалық мұрасын жеткізіп келе жатыр. Домбыра арқылы қазақ халқының қуанышы мен қайғысын, арманы мен үмітін жеткізуге болады.

Көптеген қазақ күйшілері, мысалы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Дина Нұрпейісова, домбыраның шебер орындаушылары ретінде танымал болды. Кеңес дәуіріндегі қазақ музыкасы кеңес үкіметі кезінде Қазақстанда музыкалық әдебиеттің жаңа кезеңі басталды. Бұл кезеңде қазақтың ұлттық дәстүрлері жалпы кеңестік мәдениетке интеграцияланып,

жаңа жанрлар мен формалар пайда болды. Соның ішінде симфониялық музыка мен операға ерекше көңіл бөлінді. Қазақтың дәстүрлі музыкалық мотивтері негізінде жаңа шығармалар жазылып, композиторлар мен музыканттар жаңа биіктерді бағындырды.

Осы кезеңнің танымал композиторларының бірі – Ахмет Жұбанов. Ахмет Жұбанов және қазақ операсы. Ахмет Жұбанов – қазақтың әйгілі композиторы және музыка қайраткері. Ол алғашқы қазақ опералары мен симфонияларының авторы. Оның «Абай» операсы қазақ музыкалық әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосып, ұлттық музыканың жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті. Жұбанов сонымен қатар алғашқы қазақ оркестрлері мен музыкалық ансамбльдердің құрылуына да үлес қосты. Қазіргі қазақ музыкалық әдебиеті дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, өз дамуын жалғастыруда. Композиторлар мен орындаушылар жаңа музыкалық бағыттарды зерттеп, түрлі стильдермен тәжірибе жасап жатыр. Классикалық шығармалармен қатар, этно-джаз, этно-рок сияқты жаңа жанрлар да танымал болуда, бұл жанрлар қазақтың дәстүрлі музыкасын қазіргі заманның музыкалық мәдениетіне енгізуге ықпал етуде.

Этно-джаз және этно-рок, қазақ музыкасының жаңа көкжиектері. Соңғы жылдары Қазақстанда этно-джаз және этно-рок сияқты жаңа музыкалық бағыттар дамыды. Бұл бағыттар дәстүрлі қазақ мотивтерін қазіргі заманғы музыкалық стильдермен үйлестіреді. «Ұлытау» және «Арқайым» сияқты топтар ұлттық аспаптарды заманауи аранжировкалармен біріктіріп, ерекше музыкалық стильдерін қалыптастырды.

Қазақтың музыкалық әдебиеті – бұл замандардан келе жатқан, дамып және жаңғырып отыратын мәдени мұра. Дәстүрлі жанрлар мен аспаптар, әсіресе күй мен домбыра, қазақ халқының мәдени кодының маңызды бөлігі болып қала береді. Сонымен қатар, қазіргі заманғы композиторлар мен орындаушылар қазақ музыкасының жаңа көкжиектерін ашып, оның жаһандық мәдениетке интеграциялануына ықпал етуде. Қазақ музыканттарының әлемдік музыкалық мәдениетке қосқан үлесі орасан зор, және олардың шығармашылығы жаңа ұрпақтарға шабыт беріп келеді.

Қазақ музыкалық әдебиеті – ұлттық мәдениеттің маңызды және бай салаларының бірі. Бұл сала қазақтың дәстүрлі музыкалық өнерін, оның тарихын, теориясын және практикасын зерттейді. Қазақ музыкалық әдебиеті арқылы халықтың мәдениеті мен рухани құндылықтары сақталып, жаңа ұрпаққа жеткізіледі. Осы мақалада біз қазақ музыкалық әдебиетінің тарихы, негізгі ерекшеліктері мен көрнекті тұлғалары туралы кеңінен тоқталамыз.

Қазақ музыкалық әдебиетінің тарихы терең және күрделі. Бұл сала халықтың музыкалық мұрасын зерттеп, жинақтап, оның дамуын бақылауға арналған. Қазақтың дәстүрлі музыкасы өте ерте заманнан бастау алады. Музыкалық әдебиеттің алғашқы нұсқалары ауызша дәстүрлер арқылы сақталып, түрлі жыр-дастандар, халық әндері мен күйлер түрінде келді. Қазақтың музыкалық әдебиеті фольклордан бастап, XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында жазбаша түрде қалыптасқан. Осы кезеңде қазақтың музыкасын зерттеген және оған әдеби тұрғыдан баға берген көптеген ғалымдар мен ақындар пайда болды.

Қазақтың Ұлы Ақындары мен Композиторлары. Қазақ музыкалық әдебиетінің қалыптасуында белгілі ақындар мен композиторлардың рөлі ерекше. Олар өз шығармаларында ұлттық музыкалық дәстүрлерді насихаттап, оны жаңа деңгейге көтерді. Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны және композиторы. Абайдың шығармалары қазақ музыкасының негізін қалаушы ретінде саналады. Оның әндері мен өлеңдері халықтың мәдени құндылықтарын дәріптеп, ұлттық сана-сезімді көтерді. Абайдың музыкалық мұрасы ұлттық музыкада үлкен із қалдырды.

Жамбыл Жабаев – қазақтың халық ақыны әрі композиторы. Оның термелері мен толғаулары қазақ музыкасының ажырамас бөлігіне айналды. Жамбылдың шығармаларында халықтың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік мәселелері және ұлттық бірлік туралы ойлар көп кездеседі.

Махамбет Өтемісұлы – қазақтың батыр ақыны әрі жыршысы. Махамбеттың өлеңдері мен жырлары қазақтың музыкалық дәстүрлерінің тереңдігі мен байлығын көрсетеді. Оның шығармалары ұлттық музыка мен әдебиеттегі күрделі мәселелерді қозғайды.

Бейімбет Майлин – қазақтың көрнекті жазушысы әрі ақыны. Бейімбет Майлиннің

шығармаларында ұлттық музыканың рөлі мен маңызы туралы көптеген көркем бейнелер мен ойлар бар. Оның әдеби шығармалары қазақ музыкалық әдебиетінің теориялық аспектілерін зерттеуге үлкен ықпал етті.

Музыкалық аспаптар мен жанрлар қазақ музыкалық әдебиеті ұлттық музыкалық аспаптарды сипаттау мен талдауды да қамтиды. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары әр түрлі жанрлар мен стильдерді көрсетуге мүмкіндік береді. Олардың ішінде домбыра, қобыз, сырнай, жетіген сияқты аспаптар маңызды орын алады. Домбыра — қазақтың ең танымал музыкалық аспаптарының бірі. Оның көмегімен орындалатын күй мен әндер қазақтың музыкалық дәстүрінің негізін құрайды. Домбыраның әдеби сипаттамалары мен оның орындау техникасы қазақ музыкалық әдебиетінің зерттеу нысаны болып табылады. Қобыз — терең әрі сазды үнімен ерекшеленетін аспап. Қобыздың тарихи және мәдени маңызы туралы музыкалық әдебиетте көптеп мәліметтер бар. Қобыздың көмегімен орындалатын шығармалар қазақтың фольклорлық музыкалық мұрасының маңызды бөлігі болып табылады. Жетіген — аспаптық музыканың түрлі жанрларында қолданылатын аспап. Жетігеннің музыкалық сипаты мен оның қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениетіндегі рөлі музыкалық әдебиетте кеңінен зерттеледі.

Қазақ музыкасының теориялық тұстары қазақ музыкалық әдебиеті музыканың теориялық аспектілерін зерттейді. Бұл салада музыкалық ритмдер, мелодиялар, гармониялар мен форма мәселелері қарастырылады. Қазақ музыкасының теориясы мен практикасы ұлттық музыкалық дәстүрлердің сақталуы мен дамуын қамтамасыз етеді. Мелодиялар мен Ритмдер — қазақ музыкасының негізгі элементтері. Қазақ музыкалық әдебиетінде халық әндері мен күйлеріндегі мелодиялық құрылымдар мен ритмдердің ерекшеліктері талданады. Бұл зерттеулер қазақ музыкасының өзіндік сипаттамаларын анықтап, оны басқа мәдениеттерден ерекшелеп көрсетеді. Гармониялар мен Формалар — музыкалық әдебиетте композициялық құрылым мен музыкалық формалардың зерттелуі де маңызды.

Қазақтың дәстүрлі музыкалық жанрларының гармониялық және формалық ерекшеліктері музыкалық әдебиетте жан-жақты талданады.

Қазақ музыкалық әдебиетінің заманауи үлгісі. Қазіргі кезде қазақ музыкалық әдебиеті жаңа бағыттарға бет бұруда. Заманауи зерттеулер мен шығармалар ұлттық музыканың жаңашылдыққа деген қажеттіліктерін қанағаттандырып, оны жаһандық музыкалық контексте танытуға бағытталған. Музыкалық әдебиетте ұлттық және халықаралық деңгейдегі музыкалық үрдістерді зерттеу және жаңа бағыттарды ұсыну маңызды рөл атқарады. Қазіргі қазақ музыкалық әдебиеті көптеген зерттеулер мен шығармаларды қамтиды. Бұл салада жаңа зерттеу әдістері мен әдеби үлгілерді енгізу арқылы қазақтың музыкалық мұрасын жаңаша тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік туады.

Қорытынды:

Қазақ музыкалық әдебиеті ұлттық музыкалық мәдениеттің маңызды аспектілерін қамтиды. Бұл сала қазақтың дәстүрлі музыкалық мұрасын зерттеп, сақтауға бағытталған. Ұлы ақындар мен композиторлардың шығармалары, музыкалық аспаптар мен жанрлар, теориялық тұстар мен заманауи үлгілер — қазақ музыкалық әдебиетінің негізін құрайды. Қазақ музыкалық әдебиеті арқылы халықтың мәдениеті мен рухани құндылықтары сақталып, жаңа ұрпаққа жеткізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов, А. Қ. - Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы. Алматы: Жазушы, 1963.
2. Тұрсынбек, К. - Қазақтың музыкалық мәдениеті: дәстүр және жаңашылдық. Алматы: Өнер, 2001.
3. Сарыбаев, Б. - Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы: Өнер, 1981.
4. Шманов, Е. - Қазақ күй өнері: тарихы мен тағылымы. Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2010.
5. Мырзабекова, Ж. - Қазақ музыкасы және заманауи бағыттар. Алматы: Атамұра, 2017.
6. Құрманғалиева, Г. Б. - Қазақстанның музыкалық мәдениеті: тарих және қазіргі заман. Астана: Фолиант, 2012.



ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚ БАРЫСЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Иғламова Іңкәр Жұмабиденқызы
«Жетісу облысы білім басқармасының
Таддықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«Балалар өнер мектебі» МКҚК, вокал пәнінің
мұғалімі

Бұл мақалада заманауи технологиялардың білім беру процесіндегі ролі мен тиімді пайдаланылу мүмкіндіктері қарастырылады. Өзекті мәселелер ретінде ойын технологияларының және бағалау жүйесінің сабақ барысында қолданылуы сипатталады. Заманауи технологияларды пайдалану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, білім сапасын жақсартады, концепцияларды жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технологиялардың оқытушыларға оқыту әдістерін жаңартуға, қызықты әрі интерактивті сабақтар өткізуге көмектесетіні айтылған.

В данной статье рассматривается роль и возможности эффективного использования современных технологий в образовательном процессе. В качестве актуальных вопросов характеризуется применение в ходе занятий игровых технологий и системы оценивания. Использование современных технологий повысит мотивацию учащихся к обучению, улучшит качество образования, позволит лучше понять концепции. Также отмечено, что эти технологии помогают преподавателям обновлять методы обучения, проводить интересные и интерактивные занятия.

Зерттеудің жаңалығы. Зерттеуде алғаш рет И. А. Лесманның әдістемесіне сүйене отырып, бұрынғы қобызда ойнау әдістемесін қазіргі таңдағы орындаушылық әдіспен салыстырып, бүгінгі орындаушыларға арналған оңтайлы орындаушылық әдістері айқындалады. Қобызшылармен дайындала отырып, И. Лесман алғаш рет «Қобызда ойнау мектебі», «Қобызға арналған сабақтар жинағы» атты еңбектерін жарыққа шығарады. Қобыз аспабын зерттей отырып, қобызшының ойнаған әуендерін фортепианоға салып, кейін өзі сүйемел жасау арқылы қобызда орындау мәдениетін қалыптастырды. Алматы консерваториясында ұстаздық етпес бұрын, И.А.Лесман Петербор, Ленинград консерваторияларында жүргізген сабақтарының негізінде скрипкаға арналған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар жазған әдіскер. «Қобызда ойнау мектебі» атты еңбегі 1947 жылы жазылған. Бұл оқу-әдістемелік құрал жаңартылған қобызға яғни, үш ішекті қобызға арналған алғашқы оқу-әдістемелік құрал болып табылады. Бұл құрал 13 сабақтан құралған. Әр сабақ аспапта дұрыс орындау үшін қажетті әдістер мен тәсілдерден тұрады. Автор еңбегінің кіріспесін аспаптың жаңартылған бөліктеріне назар аудартып жазған. Аспаптың қыл ішектерінің орнына скрипка ішектерімен алмастырылуы дыбыстың ашық және жоғары регистрлерде ойналып, қобыздың күрделі шығармаларды орындау мүмкіндігінің артуына себеп болғаны баса айтылған.

Садақ тәріздес иілген көне қылқияқтың орнын скрипканың ысқышы басты, оның себебі, біріншіден ұзын, екіншіден ішекке көп немесе аз мөлшердегі қылдармен тиіп ойнауға, үшіншіден орындаушының бұлшық еттеріне байланысты ысқыштың қылдарын қатайтып не болмаса босатып отыруға мүмкіндік беретін ұтымды жақтары ескерілген. Аталған өзгерістер қобызда шетелдің шығармаларын қиындықсыз орындауға көп көмегін тигізгені қазіргі біздің тәжірбиемізден көрініс тауып отыр.

Зерттеудің әдісі. И. Лесманның оқу-әдістемелік құралында қобызды дұрыс ұстап отыру, ысқышты ұстап үйрену жайында ауқымды сабақтар көрсетілген. Аспаптың түбі екі тізенің ортасында төмен қатты түсіп кетпей орналасуы керек, ал басы мойынның сол жақ бөлігіне қойылуы керек. Қобыз аспабының төменгі бөлігі дөңес болғандықтан, автор *g* ішегінде ойнау барысында ысқыш оң жақ бөксеге тиіп кетпеуі үшін аспапты сол жаққа қарай сәл-сәл бұру керектігін айтқан. Қазіргі таңда аспаптың түрі скрипка аспабына ұқсас болғандықтан, бұндай қажеттіліктер әдістемеден шыққан. Оң қол саусақтарының ысқышты ұстап үйренудегі тәсілдері қазіргі кездегі талаптармен сайма-сай болып келеді.

«Ысқышты ұстауды ең алғашқы сабақтардан дұрыс қойып, басты назарға алған. Ысқышты ұстап отырып, саусақтарды төменге созудан кейін қайта дөңгелек етіп жинап, жаттығулар жасау арқылы саусақтарды еркіндікке үйрету болып табылады». Бұл жаттығуды орындау барысында қолдың білезігіне тиын секілді затты қойып қайталауға болады. «Ысқышты ұстап үйренгеннен кейін барып, аспапта дыбыс шығаруды қолға алған дұрыс», — дейді әдіскер. Ысқыш тиекке қатты жақын немесе қатты алыс жүргізілмеуі керек. Тез ойналатын штрихтарда ысқышты тиектен алшақ, ал баяу ойналатын штрихтарда тиекке жақынырақ ойнау керектігі абзал деп санаған. Әр ішекке ауысқан сайын ысқышты да сол ішектің орналасу бағытына сәйкес жүргізіліп отыру қажеттігі туған. Аталған сабақтар оң қолдың ысқышты еркін меңгеруіне арналған болса, кейінгі сабақтарда ысқышпен ішектерде сапалы дыбыс шығару, ішектен ішекке ауысу әдістеріне көңіл бөлінеді. Ішектен ішекке еркін ауысуды меңгергеннен кейін, сол қолды қосып дыбыс шығаруға арналған сабақтар жалғасын табады. Сол қолдың саусақтарын, ысқыш басқа ішекке ауысып кеткеннен кейін ғана аламыз. Егер, ашық ішектен келесі ішекке саусақ басу керек болса, ол саусақты алдын-ала басамыз. Бұл бізге дыбыстардың арасының үзілмеуіне, артық дыбыстардың шықпауы үшін қажет, дейді. Автор бұл сабақтарды негізінен скрипка аспабында ойнап үйрену әдістерімен ұштастырған. Орындаушының шығарманы толығымен тыңдарманға жеткізе білуі үшін, дыбыстардың біркелкі, бір жүйелі шығуы басты шарттардың бірі болып табылады. Ысқыш ішектердің бойымен тегіс әрі тең үлестермен жүргізіліп, ауыстырылып отыруы қажет. И.А.Лесман қобызға арнап бірнеше жаттығулар жазып, ойналу әдістерін көрсетіп жазған. Үш ішекті қобызда аппликатура өзгешелеу болған.

Зерттеу нәтижелері. Жаттығуларды орындаудың өзінде И. Лесман әрбір дыбысқа мән беріп, музыкалық фраза, сөйлем қалай құралатындығына көңіл аударған. «Әрбір сөйлемнің ішіндегі ырғақ, дыбыс тазалығы, штрихтардың дұрыс ойналуы, дыбыстардың жандандырылуы жұмыстарына аса мән берілуі, жоспар түрінде жүргізіліп отыруы мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді. Аталған жұмыстарды толық игеріп, сөйлемдерді жаттап алғаннан кейін барып, шығарманы толығымен орындаса болады. Бұл жұмыстарды дағдыға айналдыру үшін, студент күніне 3 сағаттан кем дайындалмауы тиіс болып саналады», дейді автор. Өйткені, қобыз аспабы өте күрделі аспаптардың бірі болып табылады. Дыбыстардың тазалығын сақтап ойнаудың өзіне үлкен жұмыс, ізденістерді талап етеді. Аспапта дыбыс шығара білу және музыкалық ойдың тактілік ұстанымын біле отыра, әр дыбыстың өз биіктігіне сәйкес орнын таба білу қажет.

Аспаптың бұрауын келтіріп үйрену басты шарттардың бірі. Себебі, студент жеке дайындық барысында өзі бұрауды келтіріп отыру қажеттілігі туады. Әдістемелік оқу-құралда өзекті сабақтардың бірі ол, штрихтарды ысқыш бойына теңдей үлестіріп ойнау сабақтары болып табылады. Әртүрлі штрихтарға арналған жаттығулар ысқыштың қай бөлігінде ойналуы қажет екендігін автор нақты мысалдармен келтіріп жазған:

- Жаттығуларды әндетіп орындау;
- Әлді және әлсіз үлестерін аяқпен дирижерлау;
- Аталған мысалдар музыкалық ой мен тактілердің формасын, музыканың мәнін

анықтау үшін қажет деп санаған.

Мұндай әдістерді қазіргі таңда музыка мектептерінде пайдалануы мүмкін. Алайда, аяқпен дирижерлау көпшілік жағдайда мақұлданбайды. Басты себептерінің бірі, оқушының бұл әдеттен бас тарта алмай қалуы, сыртқы эстетикалық, орындаушылық сипатына нұқсан келіп, ойнау барысында дыбыс сапасына кері әсерінің тигізуі болып саналады. Тактілердегі ырғақтық суреттерді ысқышпен дұрыс бөліп жүргізу ырғақты сезінудің басты кепілі. Ырғақты түсіну үшін автор кесте бойынша ретпен атап өткен:

- Такт бойынша үлестерді реттеу;
- Такт бойынша ойнау;
- Ысқышты дұрыс бөліктерге бөлу және үлестердің орналасуына қарай ысқыштың

да сәйкес келуі.

Сол қолды аспаптың мойнына орналастыру. Саусақтар ішек бойына тіп-тіке емес, сәл қисая орналасады. Бұл әдіс қазіргі прима-қобыздарында пайдаланылмайды. Саусақтар

ішекке паралель орналасып, ішекте тырнақтың түбімен ойналады. Дыбысты ойда және дауыспен айту, қажет болса рояльда тексеріп отыру;

- Ойша дыбыс биіктіктерін жоспарлау;
- Белгілі бір дыбыстан кварта жіне жарты тондарды айту;
- Саусақтардың бір – бірімен байланысы.

Әдістемелік құралдың соңғы сабақтары ысқыштың жүру жылдамдығына арналған.

Ысқыштың жылдамдығы жартылық ноталарда ширек ноталарға қарағанда жәйірек болуы, осыған кері ширек ноталарда тезірек жүргізілуі керектігі, баяу орындалатын штрихтарды тиекке жақын, жылдам орындалатын штрихтарды тиектен алыс жүргізілу керектігі назар аудартады. Ысқышты жүргізудің осындай тәсілдері скрипка аспабында да дәл солай қайталанады. Қазіргі таңда да бұл әдістерді төрт ішекті прима-қобызда қолданады.

Қорытынды

И. А. Лесманның «Қобызға арналған сабақтар жинағы» оқу-әдістемелік құралы үш ішекті қобыз аспабын үйретуде зор үлесін қосқан алғашқы еңбек болып табылады. Скрипка аспабында ойнау әдістемелерінің негізінде жазылған бұл оқу-әдістемелік құрал қобыз аспабының мүмкіншіліктерін арттыруына да пайдасын тигізді. Аспапты қалай ұстап отыру, ысқышты қалай дұрыс ұстау және ішек бойында жүргізу, сол қолды ыңғайлы қою, аппликатураны дұрыс меңгеру, штрихтарды ысқыш бойында біркелкі орындау және т.б. әдіс-тәсілдер егжей-тегжейлі, үлгі ретінде жаттығуларды көрсете отырып жазылған. Музыкалық фраза, сөйлемдерді байланыстыра білу, әлді және әлсіз үлестердің кезектестіріліп келуін бақылау жұмыстарына да аса мән берілген. Аспапта ойнауда ең бірінші керекті нәрсе – дыбыс тазалығын сақтау болса, автор дыбыс тазалығын сақтауға арналған әдістер, қажетті интервалдарды атап көрсетеді. Кейіннен жаңартылған төрт ішекті қобыздың дамуына, оқыту барысына аталмыш еңбек серпін ретінде көмегін тигізді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Омарова Г. Кобызовая традиция. Вопросы изучения казахской традиционной музыки // Единство музыки, поэзии и магии как отражение целостности мифологического сознания в культуре кочевников. Алматы. 2009. – 183 б.
2. Жұбанов А. Ән-күй сапары. Алматы: «Ғылым», 1976. – 121 б.
3. Рауандина Ш. Фатима Балгаева. Алматы. 2001. – 16 б.
4. Лесман И. Школа игры на кобызе. Қолжазба. Құрманғазы ат. ҚҰК кітапханасы №7862 Л 50. Алма-Ата. 1947. Б. 2-20 .

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД В КАЗАХСТАНЕ И ЕГО ПРОБЛЕМЫ

Байоразова А.Ж
преподаватель прикладного искусства ГККП «Детская школа искусств» ГУ «Отдел образования по городу Талдыкорган
Управления образования области Жетісу»

Статья посвящена исследованию современного состояния художественного образования Казахстана. Автор попытался сконцентрироваться на следующих вопросах: отвечают ли современные художественные школы Казахстана вызовам времени? Могут ли справиться современные методы преподавания искусства с размытостью границ художественной практики, с сменой ее технологий и форм? Или, если сказать намного проще: как учить? чему учить? В особенности, когда в Казахстане проходит столь масштабная модернизация образовательной системы в целом, а система художественного образования как таковая переживает кризис, обусловленный не только «внутренними», но и «внешними» причинами.

Ключевые слова: художественное образование, Казахстан, пути и поиски, новые реалии

Мақала Қазақстанның көркем білім берудің қазіргі жағдайын зерттеуге арналған. Авторлар келесі сұрақтарға назар аударуға тырысты: Қазақстанның қазіргі заманғы өнер мектептері уақыттың сын-қатерлеріне жауап бере ме? Өнерді оқытудың заманауи әдістері көркемдік практиканың шекараларының бұлдырлығымен, оның технологиялары мен формаларының өзгеруімен күресуге бола ма? Немесе әлдеқайда қарапайым: қалай оқыту керек? неге үйрету? Әсіресе, Қазақстанда жалпы білім беру жүйесін осындай ауқымды жаңғырту өтіп жатқан кезде, ал көркемдік білім беру жүйесі «ішкі» ғана емес, «сыртқы» себептерге байланысты дағдарысты бастан кешуде.

Тірек сөздер: көркем білім, Қазақстан, жолдар мен ізденістер, жаңа шындықтар

В науке накопилось достаточно много современных определений художественного образования. Мы, не ставя задачи анализа их всех, остановимся на одном, которое на наш взгляд в современных казахстанских реалиях звучит наиболее актуально. Так, нам больше всего импонирует определение данное Сабелевой О.В., которая пишет: художественное образование с культурологических позиций рассматривается как социокультурный феномен, понимаемый как единство культуротворческой деятельности индивида, развития социума и культурной преемственности. Способность индивида к культуротворчеству позволяет не только осваивать, но и создавать культурные ценности [1, с.11].

Следовательно, художественное образование понимается в широком поле культуры и культуротворческой деятельности. На наш взгляд, такой ракурс как нельзя кстати подходит современному подходу к художественному образованию как феномену культуры. Поэтому в рамках нашего небольшого исследования мы попытаемся сконцентрироваться на следующих вопросах: отвечают ли современные художественные школы Казахстана вызовам времени? Могут ли справиться современные методы преподавания искусства с размытостью границ художественной практики, с сменой ее технологий и форм? Или, если сказать намного проще: как учить? чему учить? В особенности, когда в Казахстане проходит столь масштабная модернизация образовательной системы в целом.

В Казахстане и странах СНГ в систему художественного образования традиционно включены следующие компоненты: эстетическое воспитание, художественно-педагогическое, а также профессиональное художественное образование. Программы художественного образования реализуются в разнообразных образовательных учреждениях, начиная с детских садов и заканчивая послевузовским профессиональным

образованием.

Все страны бывшего Советского Союза объединяет многое, в том числе и единая система художественного образования, которая ценилась и была методологически выверенной. Развитие художественного образования в современном казахстанском обществе – один из актуальных вопросов. Творческое, эстетическое, профессиональное воспитание подрастающего поколения несомненно определяет уровень культуры общества и его экономическое и социальное развитие. Но, как обстоят дела в этом отношении в Казахстане?

Опираясь, на свой многолетний опыт работы в системе художественного образования мы можем отметить, что долгое время Казахстан сохранял и до сих пор пытается сохранить лучший опыт советского художественного образования. Но, многоуровневая кредитная технологии обучения, введенная в вузах Казахстана имеет свои как отрицательные, так и положительные стороны.

К положительным относятся: высокий уровень мобильности студентов и ППС, возможность научных стажировок в зарубежных вузах, расширение поля международного сотрудничества. Но, вместе с тем существуют и реально отрицательные стороны. Это прежде всего – уменьшение часов на чисто практические дисциплины (которое проходит ежегодно); наблюдается стремление вузов «насытить» образовательную программу порой излишними теоретическими дисциплинами, порой не имеющие прямого отношения к получаемой специальности и другое.

В этом отношении права О.В. Батурина, которая анализируя опыт Казахской национальной академии им. Т. Жургенова пишет: общепринятая в Казахстане тестовая форма контроля у студентов приводит к утрате способности системно и логически мыслить, а только к появлению навыков механического запоминания, что никак не способствует росту уровня науки и образования. Все многообразие научной деятельности нельзя сводить только к одному индикатору – публикациям в зарубежных журналах с высоким импакт-фактором. Есть много специфических областей науки, и особенно, искусства, в которых как раз требуется решать очень узкие вопросы, которые будут интересны только специалистам. А, как известно, политика журналов базы SCOPUS, например, - популяризация знаний [2, с.18].

Дело усугубилось буквально новейшими изменениями в области политики школьного образования, где учебные предметы «Изобразительное искусство» и «Технология» были упразднены, а вместо них сформирован учебный предмет «Художественный труд». Отсюда, в срочном порядке необходимо пересмотреть парадигмы обновленного школьного образования относительно предметной области «Искусство», где произошло слияния двух школьных предметов «Изобразительное искусство» и «Технология» в единый учебный предмет «Художественный труд», который не отвечает задачам современного художественного образования. В связи с этим предлагается разделить предмет «Художественный труд» на ранее функционирующие «Изобразительное искусство» (Визуальное искусство) и «Технология», а новому учебному предмету «Графика и проектирование» вернуть прежнее название «Черчение».

В пользу данного вывода говорит и А.Мелик-Пашаев: «...однoboкoe развитие крайне обедняет сенсорную сферу ребенка, его непосредственную связь с окружающим миром, чуткость и восприимчивость по отношению к нему и вызывает обоснованное беспокойство вдумчивых педагогов и медицинских работников. Эта проблема, которую принято описывать в терминах межполушарной асимметрии (недоразвитие функций правого полушария головного мозга и «переразвитие» левого), многократно обостряется в эпоху раннего увлечения виртуальной чувственностью компьютера, вытесняющего реальный чувственный опыт уже не только из школьного обучения, но из повседневной жизни детей» [3, с.4]. Подобные опасения имеют под собой реальную основу, и в скором будущем мы можем получить детей (а позднее и взрослых) не способных творчески вообразить и генерировать креативные идеи.

Не менее интересной в обозначенном ракурсе выступает работа группы

казахстанских экспертов: «Художественное образование Республики Казахстан: осмысление национальных традиций и сближение культур» подготовленной в рамках пилотного проекта ЮНЕСКО и МФГС «Художественное образование в странах СНГ: развитие творческих возможностей в XXI веке» [4].

В ней авторы указывают четыре главных функции художественного образования: транслирующую (обеспечение целостности и воспроизводимости этнонациональных сообществ); развивающую (формирование и развитие национального самосознания); дифференцирующую (выявление этнокультурной идентичности); интегрирующую (обеспечение взаимодействия, взаимопроникновения и взаимообогащения культур, интеграция личности в системы мировой и национальной культуры) [4, с.17]. Насколько школьное художественное образование отвечает перечисленным требованиям, можно только догадываться.

Таким образом, многими прогрессивными исследователями и простыми методистами отмечается тотальная логизация, математизация, рационализация детской психики в современной общеобразовательной школе. Практически все содержание школьного образования направлено на активизацию работы левого полушария, отвечающего за логику и абстрактное мышление. Тогда как правое полушарие, являясь центром воображения, художественной мысли и интуиции представлено в обновленном содержании школьного образования лишь незначительно или даже в крайне мизерном количестве.

Данное подчеркивает и Л.Золотарева, которая пишет: обществу XXI века требуются творческие, гибкие, способные к адаптации и восприимчивые к инновациям специалисты, поэтому образовательные системы должны развиваться с учетом социокультурных требований. Художественное образование - это средство, позволяющее развивать человеческие ресурсы, необходимые для использования их ценного культурного капитала. Если государство желает развивать эффективные и устойчивые культурные, творческие индустрии и предприятия, оно должно использовать эти ресурсы и этот капитал [5, с.21]. Те или другие важные вопросы не раз поднимались в рамках мероприятий, организованных Институтом искусств, культуры и спорта КазНПУ им. Абая как самого первого и на данный момент единственного учебного подразделения, готовящих художников-педагогов в республике. Но, как говорится, а воз и ныне там.

Таким образом, резюмируя все вышеизложенное мы хотим в качестве выводов продублировать тезисы, высказанные на юбилейных мероприятиях Института искусств, культуры и спорта КазНПУ им. Абая в октябре 2019 года.

На рубеже XX-XXI веков происходит переход от репродуктивно-педагогической к креативно-педагогической парадигме образования и возникает острая необходимость обновления и эволюции художественного образования, направленного на гармонизацию и развитие духовных способностей человека.

Одной из основных тенденций современного художественного образования Казахстана является внимание к сложившимся традициям национальной школы, опора на которые становится незаменимым фактором формирования у молодежи национального самосознания, казахстанского патриотизма и гражданской ответственности за развитие своей страны.

– способствовать исследовательской деятельности в области художественного и художественно-педагогического образования, расширять поиски источников финансирования научно-прикладных исследований в данной области;

– привлекать для комплексных исследований наиболее квалифицированных и компетентных специалистов по художественному образованию из различных регионов республики;

– поощрять создание и распространение востребованных учебных изданий по мировой художественной культуре и фольклору, истории искусств Казахстана в системе школьного и вузовского образования; придать им статус республиканского значения;

– шире использовать инновационные методики преподавания художественных дисциплин в высших учебных заведениях, которые призваны выявлять перспективные

цели, достижение которых будет способствовать повышению уровня преподавания в новых условиях функционирования вузов страны;

- интегрировать в работу лаборатории художественного образования КазНПУ им. Абая весь исследовательский потенциал страны в деле популяризации образования в сфере искусств и культуры.

На современном этапе развития стратегические планы, программы развития художественного, художественно-педагогического образования в Республике Казахстан должны полноценнее использовать концепции института ЮНЕСКО и мировой опыт. Использование лучших достижений педагогической мысли прошлого позволит создать на этой базе новаторские методики, отвечающие потребностям времени.

Список использованной литературы:

1. Сабелева О.В. Реализация культуротворческого потенциала личности в художественном образовании. - LAP LAMBERT Academic Publishing, 2011. – 172 с.

2. Батурина О.В. Проблемы и перспективы новой модели образования. Опыт казахской академии искусств им. Т. Жургенова //Материалы Республиканского коллоквиума «Художественное образование Казахстана в XXI веке: совершенствование образовательных программ с учетом мировых тенденций». – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2012. – С.11-21.

3. Мелик-Пашаев А.О. состояния и возможностях художественного образования // Искусство в школе. – 2008. - № 1. - С. 1-7.

4. Художественное образование в Республике Казахстан: осмысление национальных традиций и сближение культур. Аналитический доклад. Бюро ЮНЕСКО в Алматы. – 2010. – 56 с.

5. Золотарева Л.Р. Проблемы художественного образования в Казахстане// Материалы Республиканского коллоквиума «Художественное образование Казахстана в XXI веке: совершенствование образовательных программ с учетом мировых тенденций». - Алматы: КазНПУ им. Абая, 2012. – С.20-31.



ДӘСТҮРЛІ ӘН ӨНЕРІНІҢ БАЛАЛАР ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Серіков Төлеутай Дәрібайұлы
«Жетісу облысы білім басқармасының
Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«Балалар өнер мектебі» МКҚК
Дәстүрлі ән сыныбының мұғалімі

«Туғаннан дүние есігін ашады өлең ... » - деп ұлы Абай жырлағандай, қазақ үшін «Тал бесіктен, жер бесікке дейінгі» бүкіл саналы ғұмырында өлеңнің алатын орны айрықша. Өміріміздің қайнар бұлағы, мөддір бастауы - халық жырлары. Сөз құдіретін сезіндіріп, сөзге тоқтаған халқымыз ұрпағына арнаған бүкіл жан жылуын, мейірім шуағын, ақ тілегін сөз патшасы өлеңмен өрнектеп, ұлттық нақыштағы әуенімен әрлеп жеткізгендігі жайлы баяндалады.

Тірек сөздер: Дәстүрлі ән, Әншілік өнер, Халық әні

«Стихотворение открывает дверь в мир с рождения...» - как пел великий Абай, «От колыбели вербы до колыбели земли» для казаха поэзия занимает особое место во всей его сознательной жизни. . Рассказывают, что царь слова выразил всю теплоту, солнечный свет доброты и добрые пожелания нашего народа, осознавшего силу слова и передавшего их поколению людей, переставших говорить.

Ключевые слова: традиционная песня, певческое искусство, народная песня

Қазақтың дәстүрлі ән өнері – көне заманнан бері қалыптасқан халқымыздың қазынасы, фольклордың музыкалық саласының бір тармағын құрайды.

Халқымыздың мерей тұтып, мақтаныш етер асыл мұрасы, рухани жәдігерліктері ішінде замана сүзгісінен өтіп, бүгінгі ұрпаққа жеткен ән қазынасы қашаннан дәстүрлі өнердің қаймағы саналады. Дәстүрлі ән үлгілері ғұрыптық, әндер, халық әндері, кәсіби халық композиторлары шығармалары болып, ғасырлар бойы әсем әуезбен әрдайым әспеттеліп, әуелей шырқалып келеді. Халқымыздың тарихында небір бұлбұл әншілер өмір сүріп, белгілі музыка аспаптарының сүйемелімен туған елінің өткендегісі мен бүгінгі тұрмысын жырлайтын, оның арман қиялын көрсететін тамаша көрнекті туындылар жасады. Қазақ халқының дәстүрлі әні де озық ойлы, өнерпаз өкілдерінің қалдырған үлгі өнегесінің арқасында сақталып келеді.

Дәстүрлі әннің біртұтас қалыптасқан жүйесін арқадағы Біржан сал, Ақан Сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Мәди, Естай сынды әрқайсысы өз алдына ән өнерінің ғажайып үлгілері, шығыста Ақылбайдан бастап, Жәнібек Кәрменовке дейінгі аралықта бір – бірімен тұщымды тұтасқан сан мақамды ән мектебі, батыста Мұхиттан өрбіп, бүгінгі Қатимолла мен Айгүл секілді дүлдүлдер легіне келіп жалғасатын дауылпаз үлгілер құрайды.

Халық әндері аймақтық мектептерге бөлінгенмен негізгі сарыны жалпы қазақы әнге ортақ сазға құрылады, сондықтан бір өлкенің әнін басқа өлкенің әншісі қиналмай айта береді, яғни қазақ әнінің біртұтастығы аймақтық әншілік мектептеріне қанша жіктегенмен бұзылмайды. Ғарифолланың Арқа әндерін тамылжыта шырқағаны, Жүсіпбектің Мұхит әндерін тебірене айтқаны соған дәлел бола алады.

Халықтық ән дәстүрінде орындаушылық ерекшеліктеріне қарай аймақтық мектептерге бөле оқыту тәжірибесі қалыптасқан. Жалпылай айтқанда, шартты түрде Арқа мектебі, Жетісу мектебі, Батыс Қазақстан (Мұхит Мералиев) мектебі деп бөлінеді.

1. Арқа мектебі – қазақы әншіліктің мейлінше дамыған саласы болып табылады. Арқа мектебінің өкілдері деп – Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Майра Уәлиқызы, Шашубай, Тайжан т.б. саңлақтарды атауға болады. Арқа әндері біркелкі еркін ырғақпен айтылады, диапазоны мейлінше кең болады. Арқа әндерінің кәсіби мектебін жасағандар – Ж.Елебекеов, Ж.Кәрменов, Қ.Байбосыновтар, бұлардан өзге, ән өнерінде ерекше із

қалдырған Қ.Байжанов, Ә.Қашаубаев, Қ.Бабақов, Қ.Лекеров, Б.Жылқыбаев, М.Ержанов, Ж.Омарова, Р.Есімжанова, Р. Қойшыбаева, М.Көшкінбаев, И.Әлібаев, Ж.Қартабаева, Л.Сүйіндікова, М.Ешекеевтердің атын атай аламыз.

2. Жетісу мектебі – қазақтың көне әндерінің, әсіресе халықтық әуендердің мол сақталған әншілік өнер шоғыры саналады, орындалуы мен домбырада сүйемелденуі Арқа әндеріне өте ұқсас, сондықтан бұл мектептің өкілдерінің репертуарында Арқа сазгерлерінің әндері де кең орын алады. Жетісу әншілігінің көрнекті өкілдері ретінде Жамбыл, Кенен, Қапез, Пішан, Дәнеш Рақышевтарды атай аламыз. Жетісу ән мектебінің кәсіби тұғырын қалаған – Ж.Кәрменов, оның ізін жалғастырушы шәкірті – Е.Қосбармақов.

3. Батыс Қазақстандық әншілік мектеп – еліміздің батыс өлкесінде дамыған әншілік өнер. Бұрынғы Бөкей Ордасының жерінде шырқалған төкпелі жыр негізінде синтезделген желдірмелі ән Мұхит арқылы жаңа белеске көтерілді.

Мұхит әндері Атырау, Ақтау, Орал, Ақтөбе жерінен бастау алып Сыр мен Арқаға дейін қанатын жайған. Бұл мектептің басында Ғарифолла Құрманғалиев тұр, Ғарифолла Құрманғалиевпен үзеңгілес өнерпаз ретінде Әли Құрмановтың есімін құрметпен атай аламыз. Ғ.Құрманғалиев осы мектептің жеке арнаға айналып үлкен өнер саласы болуына көп тер төкті. Ғарифолла мектебінен шыққан оның шәкірттері – Қ.Бекбосынов, Қ. Орашева, Қ.Рахимова, А.Дәрібаева, Ж.Сәрсенғалиев, Қ.Ақтаев, М.Төрешов, Қ.Бердіғалиев, Ә.Еңкебаев, Қ.Құлышева, С.Таутаева, С.Рахметжанов, С.Әбдірахманов, С.Жанпейісова, С.Мырзабаева, А.Қосанова, Қ.Кәкімовтар.

Рухани мұраны келешек ұрпаққа жеткізу, балалардың дамуына, қалыптасуына ел ішінде сақтаған саф алтындай кәусар дүниелерді мұқалтпай жеткізу біздер үшін ұстаздарға берілген мүмкіндік.

Халқымызбен бірге жасасып келе жатқан осынау киелі өнер қай замандардан қалыптасқаны беймәлім.

Дегенмен, қазақ халқы ел болып ұйысып, халық болып қалыптасқан өз алдына ту көтеріп мемлекет құрған XV ғасырдан бастаймыз.

Дәстүрлі ән өнерінің даму кезеңін үш кезеңге бөліп қарасақ болады. Алдымен Асан қайғы бабамыздан бастап Бұхар жырауға дейінгі жыраулар кезеңі. Одан кейін Сал – серілер мен Қайқылар кезеңі. Үшінші – Қазақ даласында Кеңес өкіметінің орнауымен байланысты ақын – композиторлар мен орындаушылар кезеңі. Осы үш кезеңде де өзінің қоғам үшін маңызы мен сипатын жоймаған тұрмыс – салт, әдет – ғұрып әндері. Қазақ ән өнерінің жанрлық сипаттамасын этнотанушы Б.Ерзакович «Қазақ халқының ән мәдениеті» атты еңбегінде :

1. Тұрмыс – салт әндері, күнтізбелік әндер- жыл өлеңдері, емдік – жоралық әндер, төрт түлікке арналған әндер.

2. Әлеуметтік – жоралық әндер. Жар- жар, Беташар, Тойбастар, Сыңсу, Қоштасу, Естірту, Жоқтау, Көрісу.

3. Тұрмыстық- отбасылық әндер. Насихат өлеңдер, балаларға арналған бесік жыры, тұсау кесер, бесікке салу.

4. Еңбек әндері. Киіз үй құрғанда, көрпе тігу, киіз басу кезінде айтылатын әндер.

5. Лирикалық әндер. Туған жер туралы. Махаббат туралы әндер

6. Әлеуметтік қарсылық әндер.

7. Тарихи әндер.

Кейінгі зерттеушілер ән өнерін халық әндері деп бір топтап, кәсіби әндер деп екіге бөліп қарастырып жүр. Енді осы халық әні дегенге сипаттама жасасақ, тұрмыс – салт әдеп – ғұрып әндері және авторы беймәлім болған әндер.

«Кәсіби әндер» - деп авторы белгілі, диапазоны кең, орындаушыға арнайы дайындықты талап ететін әндерді айтамыз. Осындай жіктеулерден кейін әдет – ғұрып, тұрмыс - салт әндерімен бөліп алып, авторы белгісіз халық әндер мен авторы белгісіз халық әндермен авторы белгілі кәсіби әндерді «Дәстүрлі ән» деп жүрміз.

Халық әндері мен кәсіби әндерде тақырып ортақ болып келеді. Мектеп жасындағы балаларға дәстүрлі ән деген ұғымды түсіндіру үшін жоғарыдағыдай күрделі жіктеулер

маңызды.

Мектеп жасындағы балаларға төл өнерімізді үйретудің бірнеше маңызы бар:

1. Дәстүрлі ән әр кезеңде әр қилы дамығандықтан ән үйрену барысында әннің мағынасымен таныса отырып, сол заманның тарих бетінде қалған ақтаңдақтармен, сол кезеңнің тарихымен танысады. Демек, дәстүрлі әннің халқымыздың тарихымен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

2. Ән үйрену барысында бала жан-жақты ойлап үйренеді. Аспапта ойнай отырып әннің мәтінін, аспапта ойналуын, дыбыс шығару аппаратын қалай қолданатынын, әннің – мінез құлқын білуді бір шығарма барысында тоғыстыруды ойлайды және есте сақтау қабілетін нығайта түседі.

Демек, баланың ойлауы жан-жақты ойлауға, ойлай отырып іс – қимылын, сөйлеу барысын дамытады және қадағалай алуға үйренеді.

3. Ұлттық құндылықтарымыз - ана тілімізге, тарихымызға, өнерімізге құрметі сүйіспеншілігі артады. Отанға, туған жерге деген оң көзқарасты қалыптастырады.

4. Халқымыздың әдебиетінен хабардар болып өседі. Себебі; Халқымыздың әдебиеті ән – жыр арқылы ауыз екі түрде қалыптасқан. Халық жырлары, термелері, толғаулары, дастандары сияқты көлемді шығармалар ұстаздан – шәкіртке, атадан – балаға ауызба – ауыз жатталып, рухани байлығын молитып келді. Бұл қазақ халық әдебиетінің ерекшелігі.

5. Домбыра немесе басқа да аспаптарда ойнау арқылы бала ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін ерекше дамытады.

Қорытынды: баланың төл өнеріміз арқылы рухани байлығын арттырып қана қоймай, ойлау көкжиегінде кеңейтетінін байқаймыз.

Бабаларымыздың табиғат сырларымен біте қайнасқан өмірі тек қой бағумен ғана шектелмей, ой бағумен айналысқан.

Ұлы даламыздың ұлы ойшылдар мен даналардың шығуы, балаларымыздың кішкентай күнінен әдебиет пен тарихпен тығыз байланысты болған. Тіпті, біте қайнасқан төл өнеріміздің атқарған қызметі орасан зор деп ойлаймын.

Қазақтың мың әнін нотаға түсірген белгілі зерттеуші А.В.Затаевичтің жинағына көз жүгіртсеңіз, Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов он бес ән берген, Қазақтың тұңғыш академигі Қ.Сәтбаев жиырма бес ән берген. Мен екі ғана мысал келтіргеніммен мұндай тізімді толықтыратын «Алаш» зиялыларын тізбектей беруге болады. Халқымыздың даналары халық әндерін жаттап өскендігін, ән арқылы ой өрісін кеңейтіп, ұлтына халқына деген махабаты қалыптасқанын аңғара аламыз. С.М.Торайғыров «Бір халықты жер бетінен жойып жіберу керек болса оның бірінші әнін жою керек» деген екен. Осы сөзге қарап елге, тілге Отанға деген махабаттың тірегі халық әні екенін айқын көре аламыз.

Қазақ барда – халық әні мәңгі жаса бермек!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ән асқары - Әміре [Мәтін] : [естеліктер] / құраст. Ж. Шәкәрімов. – Алматы: Өнер, 1988. - 106, [3] б., [8] п. сурет; - Қуаныш Сұлтанов қоры. - Нұрғожа Ораз қоры. – 1260.

2. Әнші Әміре [Мәтін] : Әміре Қашаубаев туралы естеліктер / құраст. Я. Амандықов. – Алматы: Білім, 2012. - 484, [3] б., ноталы; – (Әдеби мемуарлар. - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды. – Библиогр.: 477-485 б.

3. Кәрменов Жәнібек, Әніңнің қазақ жетпес бұрмасына [Мәтін] / Ж. Кәрменов; құраст. Т. Тұрсынханова – Астана: Фолиант, 2002.

4. Құрманғалиев Ғарифолла, Әнші даусы [Мәтін]: (әндер жинағы) / Ғ. Құрманғалиев – Алматы: Жалын, 1979. - 136 б.

5. Теңізбайтегі Исабек Тоқбай, Әнші Дәнеш [Мәтін]: деректі роман / И. Т. Теңізбайтегі – Алматы: Өнер, 2002. - 254, [1] б.



БӨМ-ДЕГІ АКТЕРЛІК ШЕБЕРЛІК: БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУЫ

Мүкен Шалқар Бауыржанұлы
«Жетісу облысы білім басқармасының
Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
ММ «Балалар өнер мектебі» МКҚК, актерлік-
шеберлік пәнінің мұғалімі

Бұл мақалада Дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда (ДШИ) актерлік шеберлікті оқытудың маңызы мен балалардың шығармашылық әлеуетін дамытудағы рөлі қарастырылады. Актерлік шеберліктің балалардың тұлға ретінде қалыптасуына, олардың өзін-өзі көрсету қабілеттеріне, әлеуметтік дағдыларын дамытуға тигізетін оң әсерлері талданады. Сонымен қатар, актерлік сабақтардың эмоционалдық интеллектті дамытудағы, қиялды кеңейтудегі, өзін-өзі танудағы және ұжымдық жұмысқа бейімдеудегі маңызы ерекше атап өтіледі. Мақалада актерлік өнер арқылы балалардың сенімділігі артып, болашақ өміріне қажетті дағдыларды меңгеруіне ықпал ететіні көрсетілген. Бұл өнер баланың өзіндік ерекшелігін ашып, оның шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі.

Тірек сөздер: Актерлік шеберлік, Шығармашылық әлеует, балалар өнер мектебі, Эмоционалдық интеллект, Өзін-өзі көрсету, Ұжымдық жұмыс, Тұлға қалыптастыру

В статье рассматривается важность преподавания актёрского мастерства в школах-интернатах для одарённых детей (ДШИ) и его роль в развитии творческого потенциала учащихся. Анализируются положительные влияния актёрского искусства на формирование личности, способности самовыражения и развитие социальных навыков детей. Особое внимание уделено значимости актёрских занятий в развитии эмоционального интеллекта, расширении воображения, самопознании и адаптации к коллективной работе. В статье показано, как через актёрское искусство у детей повышается уверенность в себе и формируются навыки, необходимые для их будущей жизни. Это искусство помогает раскрыть уникальные качества ребёнка и развить его творческие способности.

Ключевые слова: Актёрское мастерство, Творческий потенциал, детская школа искусств, Эмоциональный интеллект, Самовыражение, Коллективная работа, Формирование личности.

Актёрлік шеберлік – бұл өнердің маңызды салаларының бірі және адамның ішкі дүниесін, оның эмоцияларын, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізуге арналған ерекше құрал. Дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда (ДШИ) актерлік шеберлікті оқыту шығармашылық әлеуеті жоғары оқушыларды тәрбиелеудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Актерлік өнердің негіздерін меңгеру баланың жан-жақты дамуына, оның тұлға ретінде қалыптасуына және өзін-өзі көрсетуге үлкен әсерін тигізеді.

Актёрлік шеберліктің мәні және оның маңыздылығы

Актерлік шеберлік – бұл тек сахнада өнер көрсету емес, сонымен қатар баланың ішкі әлемін зерттеудің, оны толық ашудың құралы. Бұл пәнді оқыту барысында оқушылар өздерінің эмоцияларын басқара білуге, оларды көрерменге дұрыс жеткізуге үйренеді. Балалар түрлі рөлдерді орындау арқылы өмірдің әртүрлі жағдайларын зерттеп, адам психологиясын терең түсінуге мүмкіндік алады. Мұның өзі олардың жалпы ой-өрісін кеңейтіп, сезімталдық деңгейін арттырады.

ДШИ-дегі актерлік шеберлік баланың өзіндік тұлғасын ашуға, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бүгінгі күнде тек актерлік өнермен шектелмей, көптеген басқа да салаларда өзара байланыс орнатып, жаңа тәсілдермен дамытып жатқан

шығармашылық әлемінде актерлік шеберлікке ие болу маңызды. Ол баланы өнерге баулып қана қоймай, сонымен қатар оның болашақ өміріне, қарым-қатынастарын қалыптастыруға, өзіне деген сенімділікті арттыруға, қоғамда өзін-өзі еркін ұстап, пікірін дұрыс жеткізуге септігін тигізеді.

ДШИ-дегі актерлік шеберлік сабақтарының ерекшеліктері

ДШИ-де актерлік шеберлікті оқыту арнайы бағдарлама арқылы жүзеге асырылады. Әрбір сабақ баланың шығармашылық дамуына бағытталған, мұнда олар өздерін еркін сезініп, өздерінің жаңа қырларын ашады. Сабақтардың басты мақсаты – баланың ішкі дүниесін түсініп, оны қалай жеткізуді үйрету. Бұл процесте балалар әртүрлі шығармашылық тапсырмалар мен жаттығулар орындайды. Мысалы, мимикалық және қимылдық жаттығулар арқылы олар өз денесін қалай басқаруға болатындығын, өздерінің көңіл-күйі мен эмоцияларын қалай жеткізу керектігін үйренеді.

Сонымен қатар, актерлік шеберлік сабақтарында балалар сахнада қалай дұрыс тұруды, көрерменмен қалай қарым-қатынас орнатуды, диалогтар құруды және әртүрлі рөлдерді сомдауды меңгереді. Бұл дағдылар баланың тек шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, сонымен бірге оның логикалық ойлау, зейін қою, есте сақтау және өзін-өзі бақылау қабілеттерін де жақсартады.

Топтық жұмыс та актерлік шеберлікті оқытуда маңызды рөл атқарады. Балалар түрлі қойылымдарға қатысып, бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеуді, бір-біріне сенім арту мен қолдау көрсетуді үйренеді. Бұл оларды ұжымда жұмыс істеуге дайындап қана қоймай, сонымен қатар олардың әлеуметтік дағдыларын жақсартады.

Балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту

Актерлік шеберлік баланың шығармашылық әлеуетін дамытуда айрықша рөл атқарады. Әрбір бала ерекше дарынға ие және осы дарынды ашып, оны дамыту қажет. Актерлік сабақтар арқылы балалар өздерінің қабілеттерін көріп, оларды қалай пайдалану керектігін түсінеді. Бұл олардың өзін-өзі бағалауына оң әсерін тигізеді, өйткені бала өз мүмкіндіктерін сезініп, өзіне сенімді бола түседі.

Шығармашылық әлеуетті дамыту баланың қиялын, ойлауын және сезімталдығын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сабақ барысында әртүрлі образдарды сомдау, қиын жағдайлардан шығу жолдарын іздеу, импровизация жасау сынды шығармашылық тапсырмалар орындалады. Мұндай тапсырмалар баланың қиялын дамытып қана қоймай, оны өмірде де қолдана білуге үйретеді.

ДШИ-де актерлік шеберлік балаларды өзіндік пікірін еркін білдіруге, өз ойларын нақты жеткізуге, сондай-ақ шығармашылық жолында кездесетін қиындықтардан қорықпауға баулиды. Мұнда әрбір оқушы өзінің жеке стилін табуға, өз жолын ашуға мүмкіндік алады.

Актерлік шеберліктің жеке тұлға қалыптастырудағы рөлі

Актерлік шеберлік балаларды тек өнер әлемінде ғана емес, сонымен қатар өмірде де табысқа жетелейтін маңызды дағдыларды дамытады. Оқушылар өздерін сахнада еркін ұстап, көпшіліктің алдында сөз сөйлеуге, ойларын ашық білдіруге үйренеді. Бұл дағдылар олардың келешек өмірінде, кез келген салада маңызды болмақ.

Сонымен қатар, актерлік шеберлік балалардың эмоционалдық интеллектін дамытуға ықпал етеді. Балалар әртүрлі кейіпкерлердің рөлін ойнап, олардың эмоцияларын түсінуге, оларды дұрыс жеткізуге үйренеді. Бұл балалардың эмпатиясын, басқалардың сезімдерін түсіну қабілетін арттырады. Эмоционалдық интеллекттің жоғары деңгейі баланың болашақтағы қарым-қатынастарында, жұмысында және өміріндегі басқа да маңызды аспектілерінде үлкен рөл атқарады.

Актерлік шеберлік сабағы балалардың өз-өзіне деген сенімін арттыруға ықпал етеді. Сахнада өнер көрсету үшін көп күш-жігер мен батылдық қажет. Балалар осы батылдықты игерген сайын, өздерін сенімдірек сезінеді. Бұл сенімділік оларды өмірдің әртүрлі салаларында табысқа жетелеуге көмектеседі.

Қорытынды

ДШИ-де актерлік шеберлікті оқыту – бұл балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған ерекше әдіс. Актерлік сабақтар балалардың тек өнер әлемінде ғана

емес, сонымен қатар өмірде де маңызды дағдыларды дамытуына мүмкіндік береді. Оқушылар өздерінің эмоцияларын дұрыс басқаруға, шығармашылық тұрғыдан ойлауға және ұжымда жұмыс істеуге үйренеді. Бұл дағдылар олардың болашақ өмірінде, қай салада жұмыс істесе де, қажет болады.

Актерлік шеберлік баланы ішкі дүниесін тануға, оны ашуға және толыққанды тұлға ретінде қалыптасуға жетелейді. Бұл өнер түрі арқылы балалар өздерін еркін сезініп, өз қабілеттерін дамытуға, шығармашылық әлеуетін толық ашуға мүмкіндік алады. Актерлік шеберлікті оқыту баланың болашақ өміріне маңызды әсерін тигізетін жан-жақты дамудың кілті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабекова Г. «Актерлік өнер және оның даму жолдары». Алматы: Өнер баспасы, 2019.
 2. Жүсіпов Ә. «Қазақ театр өнерінің тарихы». Астана: Фолиант, 2016.
 3. Әшімхан М. «Шығармашылық тұлғаны қалыптастырудағы өнердің рөлі». Алматы: Білім, 2021.
 4. Петрова О. «Развитие эмоционального интеллекта у детей через актёрское мастерство». Москва: Искусство, 2018.
 5. Тасболат Ж. «Өнер мен білімнің тоғысуы: актерлік шеберлік сабақтары». Астана: Нұрлы білім, 2020.
 6. Смирнова Е. «Методы преподавания актёрского мастерства в образовательных учреждениях». Санкт-Петербург: Питер, 2017.
 7. Аманжолов С. «Тұлға тәрбиесі және өнер». Шымкент: Ұлттық білім, 2022.
- ДШИ-дегі актерлік шеберлік: балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту